

Ішкі су көлігі туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі N 574 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелеріне", "кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерін", "кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелеріне", "кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерімен", "кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерінде", "Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерін" деген сөздер тиісінше "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасына", "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасын", "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасында", "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасымен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң кеме қатынасын жүзеге асыру, жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау, шағын көлемді кемелерді пайдалану, оның ішінде ішкі су жолдары мен теңіз суларына жатпайтын су айдындарында пайдалану кезінде ішкі су көлігі саласында мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ олардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) айлақ - кемелердің қауіпсіз кіруіне арналған құрылғылары бар және кемелердің қауіпсіз тоқтап тұруына, оларға жүк тиеуге, жүк түсіруге және қызмет көрсетуге, сондай-ақ жолаушыларды кемеге отырғызуға және кемедегі түсіруге арналған гидротехникалық құрылыс;

2) арқандап байлау - кеменің айлаққа, пирске немесе басқа кемеге жақындап келуі және кемені осыларға бекіту жөніндегі іс-қимылдар;

2-1) әлеуметтік мәні бар тасымалдаулар – халықтың тасымалдауларға сұранымын қанағатандыратын және жергілікті атқарушы органдар айқындайтын жолаушыларды тұрақты қатынаста ішкі су көлігімен тасымалдау;

3) дебаркадер - жолаушылар кемелерін немесе жүк кемелерін арқандап байлауға және оларға қызмет көрсетуге арналған жүзбелі аймақ;

4) диспаша - тасымалдауға қатысатын тараптар арасында жалпы авария бойынша бөлінетін шығындарының есебі;

5) диспашерлер - ішкі су көлігі саласында білімі мен тәжірибесі бар, диспашаны айқындау жөніндегі есепті жасайтын адамдар;

6) жағалау белдеуі – экологиялық талаптарды сақтай отырып, навигациялық белгілер мен жабдықтарды орнатуға арналған, жағалау сызығынан бастап ені жиырма метрге тең, су объектілері жағалауы бойындағы құрлық белдеуі;

6-1) жалға алынған шетелдік кемелер тізілімі – осы Заңның 24-бабының 11-тармағында және 26-бабының 5-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін шетелдік кемелер тіркелетін құжат;

7) жол жұмыстары – ішкі су жолдарындағы су түбін тереңдету, түзеп-жөндеу, тральдау, су түбін тазарту, іздестіру жұмыстары және навигациялық құрал-жабдықтарды орналастыру мен күтіп ұстау жөніндегі басқа да жұмыстар;

8) жолаушы – тасымалдаушымен шарттық қатынастарда тұрған және билетте немесе оның жол жүру құқығын растайтын өзге де құжатта көрсетілген не жүк тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушының келісімімен автокөлік құралын, жануарларды және өзге де жүкті алып жүруге оның құқығы расталған адам;

8-1) жолаушы куәлігі – кемедегі жолаушылардың рұқсат етілген ең көп саны туралы мәліметтерді қамтитын кеме құжаты;

8-2) жолаушылар кемесі – он екіден артық жолаушыны тасымалдауға арналған кеме ;

9) жүзуге жарамдылығы туралы куәлік - Кеме қатынасы тіркелімінің ережелеріне сәйкес берілетін Кеме қатынасы тіркелімінің негізгі құжаттарының бірі;

10) кеме – шағын көлемді кеме болып табылмайтын ішкі суларда жүзетін кеме, кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын өздігінен жүзетін немесе өздігінен жүзбейтін жүзбелі құрылғы, оның ішінде "өзен-теңізде" жүзетін кеме, паром, техникалық флот кемесі (су түбін тереңдетуші және су түбін тазартушы снарядтар, жүзбелі кран және осы сияқты басқа да техникалық құрылғылар);

11) кеме жолы - белгілі бір көлемдегі кемелердің кедергісіз жүзуіне жол берілетін шектерде жолдың бағыты мен шекараларын көрсететін навигациялық жағдайдың белгілері қойылған ішкі су жолдарындағы су беті;

12) кеме жүргізу - ішкі су жолдарымен жүзуді жүзеге асыратын кемемен басқаруға байланысты қызмет;

13) кеме иесі - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кемеі өз атынан иелену және пайдалану құқығымен пайдаланатын тұлға;

13-1) кеме ипотекасы – мемлекеттік тіркеуге жататын ішкі суда жүзетін кемеің, шағын көлемді кемеің, "өзен-теңізде" жүзетін кемеің тиісті тізілімде тіркелген шарт негізінде туындайтын ипотекасы;

14) кеме кітабы – шағын көлемді кемелер және оларға құқықтар тіркелетін құжат;

15) кеме қатынасы – шағын көлемді кемелерді пайдалана отырып атқарылатын қызметті қоспағанда, жүктерді, жолаушылар мен олардың багажын, почта жөнелтілімдерін тасымалдау, сүйретіп жүзу, пайдалы қазбаларды іздеуді, барлауды және өндіруді, балық аулауды және өзге де кәсіпшіліктерді, құрылыс, жол, гидротехникалық, су асты-техникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстарды, лоцмандық алып өтуді, құтқару операцияларын жүргізу, су объектілерін қорғау, оларды ластану мен қоқыстанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, суға батқан мүлікті көтеру, мемлекеттік бақылау мен қадағалау, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін кемелерді пайдалануға байланысты қызмет;

16) кеме қатынасы шлюзі – кемелерді судың бір деңгейінен екінші деңгейіне көтеруге немесе түсіруге арналған гидротехникалық құрылыс;

17) Кеме қатынасы тіркелімі – кемелерді, палубалы шағын көлемді кемелерді сыныптайтын және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

18) кемелерді лоцмандық алып өту - кемелердің ішкі су жолдарының аса күрделі учаскелері бойынша қауіпсіз өтуін қамтамасыз ететін қызмет;

19) кемеің меншік иесі - Кемеі, оның ішінде шағын көлемді кемеі және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасына сәйкес кемеің меншік иесі ретінде тіркелген тұлға;

20) киль - кемеің негізгі ұзына бойы созылған элемент, ол кемеің түбін бойлай оның тұмсығынан артқы жағына дейін тартылып, оны екі симметриялы бөлікке бөледі;

21) көлік жүкқұжаты – тікелей су қатынастарында жүк тасымалдау кезінде ресімделетін тасымалдау құжаты;

22) куәландыру - кемеің арналуы мен жіктелімінің расталуын есепке ала отырып, оның жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, техникалық регламенттерде және Кеме қатынасы тіркелімінің ережелерінде белгіленген талаптарға сәйкес кемеің техникалық жай-күйін анықтау мақсатында кемеі қарап шығу;

23) Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары (бұдан әрі - ішкі су жолдары) - кеме қатынасы мақсатында пайдалануға болатын табиғи немесе қолдан жасалған қатынас жолдары;

24) Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі (бұдан әрі - ішкі су көлігі) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының

аумағында тіркелген және ішкі су жолдарында кеме қатынасы мен кеме қатынасына байланысты өзге де қызметті жүзеге асыратын көлік түрі;

25) қарап тексеру – Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің объектіні қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған талаптарына сәйкестігі тұрғысынан уәкілетті органның тексеруі;

26) қауіпті жүк - өзінің қасиеттері мен ерекшеліктеріне қарай тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде жарылыстың болуына, өрттің шығуына немесе техникалық құралдардың, құрылғылардың, үйлердің, құрылыстардың және ғимараттардың зақымдануына, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың өліміне, жарақаттануына немесе ауруға шалдығуына себеп болуы, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін жүк;

27) лоцман - кемені арқандап байлау, зәкірге қою және оларды портта қайта орналастыру орнына қауіпсіз алып жүру саласындағы белгілі бір білімі мен дағдысы бар маман;

28) Мемлекеттік кеме тізілімі - осы Заңның 26-бабының 5-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес кемелер мен оларға құқықтар тіркелетін құжат;

29) мемлекеттік көліктік бақылау және қадағалау (бұдан әрі – көліктік бақылау және қадағалау) – жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын тексеру мақсатында уәкілетті орган жүргізетін іс-шаралар жиынтығы;

30) навигация - кеме қатынасын жасау мүмкін болатын уақыт кезеңі;

31) "өзен-теңіз" суларында жүзетін кеме - техникалық сипаттамалары бойынша теңіз және ішкі су жолдарында кеме қатынасы мақсатында жарамды әрі белгіленген тәртіппен пайдалануға жіберілген кеме;

31-1) палубалы шағын көлемді кеме – бортқа, арақабырға мен тіреуіш бағандарға сүйенетін кеме корпусында тұмсығынан артқы бөлігіне дейін төсемнен және жинақтан тұратын, су өткізбейтін көлденең жабыны бар шағын көлемді кеме;

32) порт - жолаушылар мен кемелерге қызмет көрсету, жүктерді тиеу, түсіру, қабылдау, сақтау және беру, көліктің басқа да түрлерімен өзара іс-қимыл жасасу мақсатында жайластырылған және жабдықталған жер учаскесінде және ішкі су жолдары акваториясында орналасқан құрылыстар кешені;

33) порт акваториясы - кемелер мен құрамдар жүгінің өңделуін немесе рейске жөнелтуді күтіп тұратын, сондай-ақ қажетті операциялар орындалатын айлаққа және рейдтер құрылғысына кемелердің келуі мен онда тұруы үшін қызмет ететін су бетінің шектеулі учаскесі;

34) рейдтер - кемелердің зәкір салып тұруына, маневр жасауына немесе жүктерді қайта тиеуге арналған кеме жолы шегінен тыс порт акваториясының бөлігі;

35) рейс - белгілі бір уақыт аралығында географиялық пункттер немесе аудандар арасында жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдаудың көліктік процесі;

35-1) судың жобалық деңгейі – кеме қатынасы қарқындылығының белгісі бойынша су жолдары тобына қарай көпжылдық қамтамасыз етудің белгіленген шамасы бар төменгі навигация деңгейлерінің бірі, оның негізінде кеме қатынасы өзендерінде кепілдік берілген кеме жүрісі габариттері белгіленеді;

36) такелаж - жүк көтеру жұмыстарына, тулар мен белгілерді көтеруге және түсіруге арналған кеме жабдықтарының жиынтығы;

37) тасымалдаушы - кеме мен меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздермен иеленуші, жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін және тасымал құжаттарында көрсетілген тұлға;

38) тез бүлінетін жүк - жарамдылық мерзімі шектеулі және тасымалдау мен сақтаудың ерекше шарттарын қажет ететін жүк;

39) тексеру - кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасының талаптарын сақтауын айқындау мақсатында жасайтын бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың іс-әрекеті;

40) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

41) техникалық байқау – Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы және ішкі су көлігі туралы заңнамасының сақталуын кезең-кезеңмен тексеруді қамтитын, кемелердің, палубалы шағын көлемді кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған сыныптау қызметінің құрамдас бөлігі;

42) тұру пункті - кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін жөндеу, олардың жылдың жазғы және қысқы мезгілінде тұруы, оларды техникалық байқаудан өткізу мақсатында жайластырылған және жабдықталған жер учаскесі мен су беті объектісінің акваториясы;

42-1) тіркеу нөмірі – кемеңің, оның ішінде шағын көлемді кемеңің мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру кезінде оған берілетін нөмірі;

43) уәкілетті орган – ішкі су көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

44) уәкілетті органның кәсіпорны - қызмет көрсететін шекаралар шегінде кемелердің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету мақсатында ішкі су жолдарын және кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын (шлюздерін) тиісінше күтіп ұстау мен дамыту үшін өндірістік қызметті жүзеге асыру негізгі міндеті болып табылатын ішкі су көлігінің мемлекеттік кәсіпорны;

45) шағын көлемді кеме – балық аулау, жүктерді тасымалдау, сүйретіп жүзу, пайдалы қазбаларды іздеуді, барлауды және өндіруді, құрылыс, жол, гидротехникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстарды, лоцмандық және мұзжарғышқа ілестіріп алып өтуді жүргізу, сондай-ақ су объектілерін ластану мен қоқыстанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін жасалған немесе жабдықталған кемелерді қоспағанда,

ұзындығы жиырма метрден аспайтын, бортына алуға болатын адамдар саны он екі адамнан аспайтын кеме.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.06 № 209, өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 363-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң:

1) кемелерде;

2) ішкі су жолдарында орналасқан гидротехникалық құрылыстарда;

3) ішкі су жолдарында орналасқан порттарда;

4) ішкі су жолдарында және ішкі су жолдары мен теңіз суларына жатпайтын су айдындарында пайдаланылатын шағын көлемді кемелерде қызметін жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

2. Осы Заң Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштерінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің туын көтеріп жүзуші корабльдерге, катерлерге және басқа да кемелерге қолданылмайды.

3. Теңіз портына кірген жағдайларда, құтқару операциясы кезінде және теңіз кемесімен ішкі суларда жүзетін кемелердің, сондай-ақ "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелердің соқтығысуы кезінде туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңнамасымен реттеледі.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Ішкі су көлігі саласындағы қызметті жүзеге асырудың негізгі принциптері

Ішкі су көлігі саласындағы қызмет мынадай негізгі принциптер:

1) кеме қатынасы қауіпсіздігінің басымдығы, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау, табиғатты және экологиялық қауіпсіздікті қорғау;

2) ішкі су көлігінде жұмыстар атқару мен қызметтер көрсету кезінде жеке және заңды тұлғалар құқықтарының теңдігі;

3) қызметтер көрсетуді тұтынушының тасымалдаушыны еркін таңдауын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстар атқару мен қызметтер көрсету бағаларының еркіндігін қамтамасыз ету негізінде жүзеге асырылады.

5-бап. Ішкі су көлігінің жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету және оны төтенше жағдайларды жоюға тарту

1. Ішкі су көлігінің жұмылдыру дайындығын, азаматтық қорғаныс, авариялық-құтқару жұмыстары және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кезде мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шығыстарды кейіннен тең құнымен өтей отырып, тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға байланысты жұмыстарды орындауға тартуға құқылы.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-1-бап. Құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға ішкі су көлігін беру міндеті

Жеке және заңды тұлғалар (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінен басқа) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының оқиғалар, төтенше жағдайлар болған жерлерге бару және шұғыл медициналық жәрдемге мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін ішкі су көлігін пайдалану жөніндегі заңды талаптарын орындауға міндетті.

Осы бапта көзделген жағдайларда кеме иесіне көлікті пайдаланғаны үшін шығыстар , сондай-ақ келтірілген залал Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджет есебінен өтеледі.

Ескерту. Заң 5-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-тарау. Ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу және бақылау және қадағалау

Ескерту. 2-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік реттеудің, бақылау мен қадағалаудың негізгі міндеттері

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік реттеудің, бақылау мен қадағалаудың негізгі міндеттері:

1) республика экономикасының және халықтың тасымалдауларға, ішкі су көлігіндегі жұмыстардың атқарылуы мен қызметтердің көрсетілуіне қажетін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

1-1) ішкі су көлігінің және оның өмірлік циклі процестерінің адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау;

3) ішкі су көлігіндегі тасымалдаулардың ішкі рыногын қорғау;

4) ішкі су көлігі мен ішкі су жолдарының инфрақұрылымын одан әрі дамыту;

5) ішкі су көлігі саласындағы қызметке және кеме қатынасы қауіпсіздігіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру болып табылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.12.06. № 209, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу, бақылау мен қадағалау

Ескерту. 7-баптың тақырыбының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау құқықтық қамтамасыз ету арқылы, техникалық реттеу, Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасының сақталуын бақылау арқылы жүзеге асырылады.

2. Ішкі су көлігіндегі мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі және уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бақылауды іске асыру барысында уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері осы Заңға сәйкес жедел ден қою шараларын қолдануы мүмкін.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.31. № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.06. № 209, 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-1-бап. Жедел ден қою шаралары және оларды қолдану тәртібі

1. Егер бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қауіпсіз пайдалануға, адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жүктердің сақталуына тікелей қатер төндірсе, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің жұмыскерлері жедел ден қою шараларын қолданады.

2. Бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) қарап-тексеруді (тексеруді), бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру барысында және (немесе) оларды жүргізу нәтижелері бойынша қолданылатын әсер ету тәсілдері жедел ден қою шаралары болып табылады, олардың түрлері осы бапта көзделген.

3. Жедел ден қою шараларына кемеңі (оның ішінде шағын көлемді кемеңі) пайдалану қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жүктердің сақталуына төнген қатер болған кезде кемелердің (оның ішінде шағын көлемді кемелердің), салдардың және өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын (пайдаланылуын) тоқтата тұру және оған тыйым салу жатады.

4. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабына және (немесе) осы Заңның 17-1-бабына сәйкес мемлекеттік бақылау нысанасы болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылады.

5. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру барысында және (немесе) оның нәтижелері бойынша жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын, талаптарды бұзушылықтар анықталған кезде уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша қадағалау актісін ресімдейді.

Қадағалау актісі Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 153-бабына сәйкес ресімделіп, бақылау және қадағалау субъектісіне табыс етіледі.

6. Қадағалау актісі қолма-қол табыс етілен кезде оны қабылдаудан бас тартылған жағдайда, оған тиісті жазба енгізіледі және қадағалау актісін қабылдаудан бас тарту фактісін тіркейтін бейнежазу жүзеге асырылады.

Қадағалау актісі бақылау және қадағалау субъектісінің заңды мекенжайына, тұрған жеріне немесе нақты мекенжайына оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар хатпен жіберіледі.

7. Қадағалау актісін алудан бас тарту оны орындамауға негіз болып табылмайды.

8. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру барысында және (немесе) оның нәтижелері бойынша анықталған, жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын, талаптарды бұзушылықтар бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері туралы актіде және (немесе) кемеңі (шағын көлемді кемеңі) қарап-тексеру актісінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетіледі.

9. Бақылау және қадағалау субъектісі жедел ден қою шарасын қолдануға негіз болып табылатын, талаптарды анықталған бұзушылықтарды Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген мерзімдерде жоюға міндетті.

10. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) кемеңі (шағын көлемді кемеңі) қарап-тексеру нәтижелері бойынша талаптарды анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері өткеннен кейін жедел ден қою шарасын қолдануға негіз болып табылатын, талаптарды анықталған бұзушылықтардың жойылғанын бақылау бойынша жоспардан тыс тексеру (қарап-тексеру) жүргізіледі.

Қадағалау актісінің қолданысы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабы 5-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру (қарап-тексеру) нәтижелері туралы актінің негізінде жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын, талаптарды анықталған бұзушылықтардың жойылғанын растаған жағдайда тоқтатылады.

11. Жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын, талаптарды анықталған бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, жоспардан тыс тексеру (қарап-тексеру) нәтижелері бойынша бұзушылықтарға жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қабылданады.

12. Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көзделген мерзімдер өткенге дейін бақылау және қадағалау субъектісі бұзушылықтардың жойылу фактісін дәлелдейтін материалдарды (қажет болған кезде) қоса бере отырып, талаптарды анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген ақпарат ұсынылған жағдайда, осы баптың 10-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жоспардан тыс тексеру (қарап-тексеру) жүргізіледі.

13. Бақылау және қадағалау субъектісі жедел ден қою шараларын қолдануға алып келген мемлекеттік бақылау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қадағалау актісін жарамсыз деп тану және оның күшін жою туралы шағым бере алады.

Шағым Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 29-тарауында көзделген тәртіппен жоғары тұрған мемлекеттік органға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа беріледі.

Шағым беру қадағалау актісінің орындалуын тоқтата тұрмайды.

14. Қадағалау актісін жарамсыз деп тануға және оның күшін жоюға мыналар негіз болып табылады:

- 1) жедел ден қою шараларын қолдануға негіздің болмауы;
- 2) осы шараға сай келмейтін негіз бойынша жедел ден қою шарасын қолдану;
- 3) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өз құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша жедел ден қою шараларын қолдануы.

15. Жедел ден қою шараларын қолдану туралы ақпарат өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындаған тәртіппен жіберіледі.

Ескерту. 7-1-баппен толықтырылды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

1) ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу жатады.

2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

15) - 28-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

29) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен

соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің құзыреті

1. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-1) ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

1-2) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік жолаушылар қатынасына тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;

1-3) Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) багажды және жүкті әкелуге, әкетуге, олардың транзитіне тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;

2) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, ішкі су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру;

2-1) тексеру парағына енгізілген талаптар арасынан бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптар тізбесін айқындау, сондай-ақ нақты бұзушылықтарға қатысты осы шараның қолданылу мерзімін көрсете отырып, жедел ден қою шарасының нақты түрін (қажет болған кезде) айқындау жатады.

Бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптардың тізбесіне Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабына сәйкес мемлекеттік бақылау нысанасы болып табылатын талаптар енгізіледі;

3) ішкі су жолдарының кеме қатынай алатын жағдайда болуын қамтамасыз ету және шлюздерді күтіп ұстау;

4) ішкі су көлігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу;

4-1) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

5) Мемлекеттік кеме тізілімінің, Жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінің және кеме кітабының нысандарын бекіту;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын беру және кемеңі шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыру туралы шешім қабылдау;

- 7) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)
) Заңымен;
- 8) лоцмандық қызмет туралы ережені бекіту;
- 9) міндетті түрде лоцмандық алып өтуге жататын ішкі су жолдары учаскелерінің, кемелер түрлері мен көлемдерінің тізбесін бекіту;
- 10) Ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау қағидасын бекіту;
- 11) кемелердің техникалық куәландырылуын жүргізуді қамтамасыз ету;
- 11-1) кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеруді, оларды сыныптауды және есепке алуды уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жүргізу;
- 12) Пайдаланылатын кемелерді куәландыру қағидасын бекіту;
- 13) Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасын бекіту;
- 14) Кемелердің кеме қатынасы шлюздері арқылы өту қағидасын бекіту;
- 15) Кемелерді жөндеу қағидасын бекіту;
- 16) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік бақылау мен қадағалау жұмыскерлері және ішкі су көлігі саласындағы жұмыскерлер лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз) және айырым белгілерінің үлгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру тәртібін бекіту;
- 17) Аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау қағидасын бекіту;
- 18) Пайдаланылған кемелердің элементтерін пайдалана отырып, ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау қағидасын бекіту;
- 19) Ішкі суларда жүзетін кемелерді және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жаңарту жөніндегі қағиданы бекіту;
- 20) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 21) Техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі қағиданы бекіту;
- 22) Ішкі суда жүзетін кемелерді жасау қағидасын бекіту;
- 23) өз құзыреті шегінде ішкі су көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысу және халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;
- 24) ішкі су көлігі саласында туындайтын қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;
- 25) суға кеткен мүлікті көтеру тәртібі мен мерзімдерін айқындау;
- 26) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 26-1) кемелердің командалық құрамының адамдарына арналған дипломның нысанын бекіту;

- 26-2) Ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидаларын бекіту;
- 26-3) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кеме қатынайтын су жолдарымен кемелердің жүзуі туралы есептіліктің нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ оны жасау тәртібін бекіту;
- 26-4) кеме қатынайтын су жолдарымен кемелердің жүзуі туралы есептілікті жасау;
- 26-5) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша Ішкі су көлігі кемелеріндегі еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласындағы қағидаларды бекіту;
- 26-6) ішкі су жолдарын пайдалану қағидаларын бекіту;
- 26-7) кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту;
- 26-8) порттың міндетті көрсететін қызметтерінің тізбесін бекіту;
- 26-9) жағалау белдеуін пайдалану тәртібін айқындау;
- 26-10) кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру тәртібін айқындау;
- 26-11) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларын бекіту;
- 26-12) кемелермен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесін бекіту;
- 26-13) қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту;
- 26-14) ішкі су көлігі саласындағы техникалық регламенттерді бекіту;
- 26-15) кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу;
- 26-16) кемелердің портқа кіру және олардың порттан шығу, кемелердің порт акваториясы шегінде жүзуі мен портта тұру қағидаларын бекіту;
- 26-17) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін айлаққа қою, тоқтату және олардың тұрақта тұруы үшін уақытша құрылғылар мен жүзу құрылыстарын орнату, жолаушыларды кемеге отырғызу және кемеден түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтау тәртібін айқындау;
- 26-18) ішкі су көлігінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту;
- 26-19) ішкі су жолдарында кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеруді, оларды сыныптауды және есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту;
- 26-20) ішкі суда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану қағидаларын бекіту;
- 26-21) кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемелерді басқару құқығына аттестаттау қағидаларын бекіту;
- 26-22) шағын көлемді кемелерді және олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидаларын бекіту;
- 26-23) ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын бекіту;
- 26-24) кемелердегі қызмет жарғысын бекіту;

26-25) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйрету қағидаларын бекіту;

26-26) кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) техникалық пайдалану, зерттеп-қарау және жөндеу қағидаларын бекіту;

26-27) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік қадағалау қызметкерлерін қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту;

26-28) палубалы шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

26-29) Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылар шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту;

26-30) шағын көлемді кемелердің жүзу аудандарының разрядына қарай су бассейндерінің тізбесін бекіту;

26-31) мемлекеттік техникалық флот кемелерінің жанар-жағармай материалдарын жұмсау (заттай мәндегі) нормаларын бекіту;

26-32) суға батқан мүлікті көтеру құнын айқындау әдістемесін бекіту;

26-33) уәкілетті органның кәсіпорны орындайтын жұмыстар мен көрсететін қызметтердің көлемдері мен құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

27) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

2. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) құзыретіне:

1) кемелерді, салдарды және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзу объектілері мен құрылыстарын, олардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету талаптарына сай болуын қарап тексеруді жүргізу;

2) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме кітабын және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізу;

3) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сай келмейтін кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді), салдарды және өзге де жүзу объектілерін ұстау;

4) кеме қатынасы қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қатер төнген кезде кемелердің (оның ішінде шағын көлемді кемелердің), салдардың және өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және оған тыйым салу;

5) Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттар талаптарының сақталуын бақылауды және қадағалауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;

б) ішкі су жолдарының жай-күйін қадағалау;

7) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған өзге де шараларды жүзеге асыру;

9) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын сақтауын бақылау және қадағалау;

10) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру;

11-1) кемелердің командалық құрамының адамдарын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларына сәйкес жүргізілетін аттестаттау;

12) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

13) Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдар шығару;

13-1) көлік оқиғасы туралы уәкілетті органды құлақтандыру, кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексерулерді, сыныптауды және есепке алуды жүргізу үшін қажетті ақпаратты және дәлелдемелерді жинау;

14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

9-1-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне:

- 1) шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды есепке алу;
- 2) шағын көлемді өздігінен жүзетін кемелерді басқару құқығына куәліктер беру жатады.

Ескерту. 2-тарау 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-бап. Лицензиялау

Ескерту. 10-бап алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-тарау. Ішкі су жолдары

11-бап. Жалпы ережелер

1. Ішкі су жолдары және оларда орналасқан кеме қатынасы және шлюздер үшін пайдаланылатын кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстары мемлекет меншігінде болады және иеліктен шығаруға жатпайды.

Кеме қатынасы жолдарына кеме қатынасы үшін ашық ішкі су жолдары жатады. Кеме қатынасы су жолдарының тізбесі Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының шекаралық аймақ учаскелерін қоспағанда, кемелердің ішкі су жолдарымен жүзу жағдайын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз етуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Кемелердің Қазақстан Республикасының шекаралық аймағы учаскелеріндегі ішкі су жолдарымен жүзу жағдайын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен реттеледі.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.03.01 № 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Ішкі су жолдарын күтіп ұстау

1. Астананың әкімшілік-аумақтық шекарасы шегіндегі Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесін қоспағанда, су жолы жұмыстарын, оның ішінде мемлекет меншігіндегі порттарда рейдтер және осы порттардың айлақтарына кіреберістерді жасау мен күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізуді, сондай-ақ кеме қатынасының гидротехникалық құрылысжайларын (шлюздерді) күтіп ұстау мен тасымалдаушының технологиялық байланысты ұйымдастыруын уәкілетті органның кәсіпорындары жүзеге асырады.

2. Порттарға (осы баптың 1-тармағында көрсетілмегендеріне) кіреберістердегі, сондай-ақ тоқтау пункттеріндегі жол жұмыстарын жүргізуді олардың иелері жүзеге асыруға міндетті.

2-1. Астананың әкімшілік-аумақтық шекарасы шегіндегі Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесінде су жолы жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етуді астана әкімдігі жүзеге асырады.

3. Ішкі су жолдарын және олардағы кеме қатынасы гидротехникалық құрылысжайларын (шлюздерді) күтіп ұстау жөніндегі жұмыстар жол жұмыстарын жүргізуге арнайы рұқсатсыз жүзеге асырылады.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Ішкі су жолдарындағы акваторияларды, жағалау белдеулерін және жер учаскелерін пайдалану

1. Қалалық елді мекендер аумағынан тысқары орналасқан ішкі су жолдары шегінде ішкі су жолдарының кеме қатынасына жарамды болуын қамтамасыз етумен байланысты жұмыстар үшін тұрақты жер пайдалануға өтеусіз негізде жағалау белдеуі беріледі.

2. Уәкілетті органның кәсіпорны:

1) кеме қатынасын қамтамасыз ету және осы мақсаттарда құрылыстар мен ғимараттар тұрғызу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін жағалау белдеуін пайдалануға ;

2) ішкі су жолдарының жағалау белдеуіне навигациялық жабдықтар құралдарын орнатуға;

3) кеме қатынасының қауіпсіздігін, оның ішінде навигациялық жабдықтар құралдарының көрініп тұруын қамтамасыз ету, навигациялық жабдықтардың жағалау құралдарын орнату және олардың көрініп тұруын қамтамасыз ету үшін ағаштарды кесу жұмыстарын жүргізу үшін, сондай-ақ өзен арналары учаскелерін суретке түсіру кезінде геодезиялық негіздеме үшін жағалау белдеуінде және оның шегінен тысқары жерлерде өскен ағаштар мен бұталарды кесіп тастауға;

4) осы тармақта көрсетілген жұмыстарды жүргізу үшін жағалау белдеуінің шегіндегі топырақты, тасты, қиыршық тастарды, ағаштар мен бұталарды пайдалануға құқылы.

3. Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Ішкі су жолдарының жағалау белдеуін уақытша жұмыстар жүргізу үшін пайдаланушы тұлғалар олар аяқталғаннан кейін жағалау белдеуін тазалауға және оны жайластыруға міндетті.

5. Ішкі су жолдарының жағалау белдеуіне, навигациялық шырақтарды қоспағанда, кеме жолына қарай бағытталған қандай да бір тұрақты шырақтар орнатуға тыйым салынады.

Уақытша шырақтарды орнату мұндай шырақтар кеме жүретін жол жағынан қоршалған жағдайда жүзеге асырылады.

6. Егер шаруашылық және өзге де қызметтің кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысы болмаса, мұндай қызметті жүзеге асыру үшін жағалау белдеуін пайдалануға жол берілмейді.

7. Алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8. Алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9. Алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10. Уәкілетті органның кәсіпорындары кемелерінің тоқтап тұруына, оларды жөндеуге, жасауға арналған жағалау белдеуі мен су акваториясына іргелес учаске уәкілетті орган кәсіпорнының пайдалануында болады.

11. Қазақстан Республикасы шекаралық аймақтары учаскелеріндегі ішкі су жолдарының жағалау белдеуін пайдалану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

12. Ішкі су жолдары шегіндегі акваторияда және жағалау белдеуінде ішкі су жолдары мен жағалау белдеуінің жай-күйіне теріс әсерін тигізетін және (немесе)

оларды пайдалануға қиындық туғызатын қадағалаусыз кемелерді, құрылғылар мен құрылыстарды қалдырып кетуге тыйым салынады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Ішкі су жолдарында құрылыстар салу және оларды пайдалану

1. Алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Ішкі су жолдарындағы құрылыстардың (оның ішінде салынып жатқан құрылыстардың) иелері бойынша өз есебінен навигациялық жабдықтар құралдарын, оның ішінде жүзу жабдықтары мен өзге де жабдықтарды орнатуға, сондай-ақ кеме қатынасының қауіпсіздігі мақсатында олардың ішкі су көлігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Ішкі су жолдарында пайдаланылатын, сондай-ақ салынып жатқан көпірлердің және басқа да гидротехникалық құрылыстардың иелері:

1) кемелердің, салдардың және басқа да жүзу объектілерінің кедергісіз әрі қауіпсіз өткізілуін қамтамасыз етуге;

2) өз есебінен олардың кіреберістерінде қажетті су түбін тереңдету және су түбін тазалау жұмыстарын жүргізуге;

3) кемелердің қауіпсіз жүріп өтуі үшін қажетті құрылыстар мен құрылғыларды дайындауға, орнатуға және күтіп ұстауға;

4) көтерме көпірлер қанаттарын ашуға әрі көтеруге міндетті.

4. Гидроэлектрстанциялардың және ішкі су жолдарындағы су деңгейін реттеуші су қысымымен жұмыс істейтін басқа да гидротехникалық құрылыстардың иелері мұндай құрылыстардан жоғары және төмен учаскелерде кідіріссіз және қауіпсіз кеме қатынасы үшін қажетті су деңгейін ұстап тұруға міндетті.

5. Алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6. Кеме қатынасы үшін пайдаланылатын және бірнеше мемлекеттің аумағынан өтетін өзендердегі кепілдік берілетін тереңдік Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.12.06 № 209, 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. Кеме қатынасының қауіпсіздігі

15-бап. Жалпы ережелер

1. Кемені кеме қатынасы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес жүзуге дайындау кеменің меншік иесінің және (немесе) кеме иесінің міндеті болып табылады.

Кеме, егер ол:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ішкі су көлігі саласындағы қауіпсіздікті, оның ішінде экологиялық және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар талаптарына сай болған;

2) кеме экипажының саны ол жүзуге шығатын күнгі кеме экипажының ең аз құрамы туралы белгіленген талаптардан кем болмаған жағдайларда жүзуге жіберіледі.

2. Кеменің меншік иесі және (немесе) кеме иесі:

1) кемелердің қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

2) кемелерді қауіпсіз пайдалануға жауапты адамды тағайындауға;

3) кеме қатынасы қауіпсіздігі талаптарына сәйкес кеме экипажы мүшелерінің, басқа да қызметкерлердің дағдыларын ұдайы жетілдіріп отыруға;

4) кеме экипажын жасақтауды қамтамасыз етуге және кемені осы Заңда белгіленген кеме қатынасы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес техникалық жарамды күйде ұстап тұруға міндетті.

3. Алып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Уәкілетті органның кәсіпорындары кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін:

1) су жолдарын кеме қатынасы жағдайында және шлюздерді күтіп ұстауды қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырмаға сәйкес ішкі су жолдарын және кеме қатынасы гидротехникалық құрылысжайларын (шлюздерді) күтіп ұстауды жүзеге асыруға міндетті.

Судың деңгейі жобалық деңгейден төмендеген және уәкілетті орган өзеннің сағасының отыруына әкеп соғатын түбін тереңдету жұмыстарын одан әрі жүргізудің орынсыздығын айқындаған кезде уәкілетті органның кәсіпорындары кеме жүрісінің кепілдік берілген габариттерін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттен босатылады;

2) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін шлюз және каналдар арқылы өткізуді жүзеге асыруға міндетті, бұл ретте мұндай іс-шаралар тасымалдаушының есебінен жүзеге асырылады.

4-1. Уәкілетті орган кәсіпорындарының кемелерін қоспағанда, тиесілілігіне және қай ұлтқа жататындығына қарамастан, кемелердің навигациялық жағдай құралдарымен жабдықталмаған (навигация ашылғанға дейін және жабылғаннан кейін) кеме қатынасы су жолдарымен жүзуіне тыйым салынады.

Кемелердің навигациялық кезеңнің аяқталуына байланысты навигациялық жағдай құралдары алып тасталған ішкі су жолдарының жекелеген учаскелері бойымен тұру орнына дейін бір жолғы жүзіп өтуіне аумақтық бөлімшемен және уәкілетті органның кәсіпорнымен келісу бойынша жол беріледі.

5. Ішкі су жолдарында орналасқан гидротехникалық және басқа да құрылыстардың иелері тиісті шаралар қолдану үшін кеме қатынасы қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайдың туындағаны туралы аумақтық бөлімшелерді дер кезінде хабардар етуге міндетті.

5-1. Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстардың (шлюздердің) иелері Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) техникалық пайдалану, тексеру және жөндеу қағидаларын сақтауға міндетті.

Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстардың (шлюздердің) қауіпсіздік критерийлері Кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) техникалық пайдалану, тексеру және жөндеу қағидаларында белгіленген тәртіппен айқындалады.

5-2. Кеме қатынасы шлюздерінде шұғыл авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу және шлюздерде төтенше жағдайдың алдын алу үшін қажетті материалдар мен жабдықтардың азаймайтын қорларының болуы міндетті.

Материалдар мен жабдықтардың азаймайтын қорларының тізбесін, әрбір кеме қатынасы шлюзі үшін оларды пайдалану және сақтау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

6. Аумақтық бөлімшелер кеме қатынасының қауіпсіздігі мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуші теңіз кемесіне немесе шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуші кемеге ішкі су жолдарына кірген кезде ішкі су жолдарымен жүзетін кемелермен бірдей негіздерде тексеру жүргізуге құқылы.

7. Кеме жасау өнімдерін шығару және кемелерді жөндеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларда Кеме қатынасы тіркелімі беретін сәйкестік құжаты болуға тиіс.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.06. № 209, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.01.2022 № 101-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-1-бап. Ішкі су көлігі саласындағы техникалық реттеу және стандарттау

Ескерту. 15-1-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 05.10.2018 № 184-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Ішкі су көлігі саласындағы қызметті іске асыратын жеке және заңды тұлғалар адам өмірі мен денсаулығы, жолаушылардың жол жүруі үшін қауіпсіз жағдайларды, сондай-ақ кеме қатынасы қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Кеме қатынасының қауіпсіздігі адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға, ішкі су көлігі саласында авариясыз жұмыс жағдайларын жасауға, ішкі су жолдарын кеме қатынасы жағдайында, кемелерді, порттарды, жағалау объектілерін және ішкі су жолдарындағы құрылыстарды техникалық жағынан жарамды жағдайда ұстауға, сонымен қатар кемелердегі авариялардың алдын алуға бағытталған ұйымдық және техникалық іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі.

Мыналар:

1) ішкі су жолдарындағы ішкі су көлігінің кемелері, порттар, жағалаудағы объектілер және құрылыстар;

2) ішкі су көлігі кемелерін жасау, порттарды, ішкі су жолдарында жағалау объектілері мен құрылыстарды салу (құрылыс жүргізу, жөндеу, қайта жаңарту);

3) ішкі су көлігі кемелерін, порттарды, ішкі су жолдарында жағалау объектілері мен құрылыстарды пайдалану;

4) ішкі су көлігі кемелерін сақтау;

5) ішкі су көлігі кемелерін тасымалдау және тіркеп тарту;

6) 6) ішкі су көлігі кемелерін жою және кәдеге жарату техникалық реттеу және стандарттау объектілері болып табылады.

Ескерту. 15-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.06. № 209 Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-2-бап. Ішкі су жолдарындағы ішкі су көлігінің кемелеріне, порттарға, жағалаудағы объектілер мен құрылыстарға қойылатын қауіпсіздік талаптары

Ескерту. 15-2-бапты алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-3-бап. Ішкі су жолдарындағы ішкі су көлігі кемелерін жасау, порттарды, жағалаудағы объектілер мен құрылыстарды салу (құрылыс жүргізу, жөндеу, қайта жаңарту) кезінде қойылатын қауіпсіздік талаптары

1. Ішкі су жолдарындағы ішкі су көлігі кемелерін жасау, порттарды, жағалаудағы объектілер мен құрылыстарды салу (құрылыс жүргізу, жөндеу, қайта жаңарту) кезінде жобалық құжаттама мен Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

2. Алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Егер ішкі су жолдарындағы ішкі су көлігі кемелерін жасау, порттарды, жағалаудағы объектілер мен құрылыстарды дайындау процессінде немесе одан кейін қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сынақтар жүргізу қажет болса, онда олар жобалық құжаттаманың барлық талаптары орындала отырып, толық көлемде жүргізілуге тиіс.

4. Әрбір кемеде корпусына жазылатын тіркеу нөмірі таңбалануға тиіс. Таңбалау көрінетін, анық және өшірілмейтін болуға тиіс.

5. Кеме адамдардың борт жиегінен құлау тәуекелін мейлінше төмендететіндей етіп әзірленуге және борт сыртында қалғандарды құтқаруды қамтамасыз етуге тиіс.

6. Негізгі рульдік басқару орны айнала шолуды қамтамасыз етуге тиіс.

7. Кеме пайдалану жөніндегі нұсқаумен жабдықталуға, онда өрт және су басу қатеріне баса назар аударылуға тиіс.

Ескерту. 15-3-баппен толықтырылды - ҚР 2006.12.06. № 209 Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-4-бап. Ішкі су көлігі жолдарындағы ішкі су көлігі кемелерін, порттарды, жағалаудағы объектілер мен құрылыстарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Кеме қатынасы процесіне байланысты ішкі суда жүзетін кемелер, ішкі су жолдарындағы порттар, жағалаудағы объектілер және құрылыстар қауіптілігі жоғары аймақтар болып табылады және Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын палубалы шағын көлемді кемелер палубалы шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру қағидаларының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

4. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану Шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын өздігінен жүзетін кемелердің кеме жүргізушілері кеме жүргізушілерін даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өтуге және оларда өздігінен жүзетін шағын көлемді кемені басқару құқығына куәлігі өзімен бірге болуға тиіс.

Шағын көлемді кемені басқару құқығына куәлік беруді, кеме жүргізушілерін даярлау бағдарламасын келісуді және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін

даярлау жөніндегі курстарды есепке алуды жергілікті атқарушы органдар Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

Ұйымдар шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстардың ашылуы кезінде жергілікті атқарушы органға:

1) оқытушылар құрамы үшін су көлігі мамандығы бойынша жоғары немесе орта техникалық білімі туралы дипломдарының көшірмелерін;

2) кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларына сәйкес, шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлаудың үлгі бағдарламасы негізінде әзірленген шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу бағдарламасын;

3) оқу процесін ұйымдастыру үшін меншік құқығындағы немесе жалға алған үй-жайдың болуын растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, қызметтің басталғаны туралы хабарлама жібереді.

Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен беріледі.

Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды ашқан ұйымдар жергілікті атқарушы органға шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау бағдарламасы бойынша оқудан табысты өткен адамдардың тізімдерін жіберуге міндетті. Оқудан өткен адамдар туралы ақпаратты беру тәртібі Кеме жүргізушілерді шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларында айқындалады.

Ескерту. 15-4-баппен толықтырылды - ҚР 2006.12.06 № 209 Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Кемелерді техникалық қадағалау және сыныптау

1. Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Сыныптауға, техникалық байқауға және куәландыруға ішкі суларда жүзетін кемелер, "өзен-теңізде" жүзетін кемелер мен палубалы шағын көлемді кемелер жатады.

3. Кеме қатынасының тіркелімі кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кемелерді өтеусіз негізде куәландыруды жүзеге асырады.

Бұл ретте кеме иесінің кінәсінен қайтадан куәландыру, кезектен тыс куәландыру кеме иесінің есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Ішкі су көлігі саласындағы бақылау мен қадағалау

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ішкі су көлігі саласындағы бақылау мен қадағалауды аумақтық бөлімшелер:

1) алып тасталды - ҚР 05.05.2017 № 59-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) кеме қатынасының су жолдарын және навигациялық жабдықтар құралдарын тиісінше күтіп ұстауды бақылау және қадағалау;

3) кемелердің (оның ішінде шағын көлемді кемелердің), салдардың және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзу объектілері мен құрылыстарының кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сай болуын тексеріп қарауды жүргізу;

4) кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етудің талаптарына сай келмейтін кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді), салдарды және өзге де жүзу объектілерін ұстау;

5) кемелерді пайдалану қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қатер төнген кезде кемелердің (оның ішінде шағын көлемді кемелердің), салдардың және өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және оларға тыйым салу;

6) кеме иелерінің, кеме экипаждары мүшелерінің, ішкі су жолдарындағы кеме қатынасын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасына сәйкес кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауын бақылау және қадағалау;

7) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) анықталған ішкі су көлігінің (соның ішінде шағын көлемді кемелердің) жұмыс істеуін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беру;

11) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

12) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар талаптарының сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

16) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

17) қайта жабдықтау салдарынан кемеңің техникалық деректері өзгерген жағдайда шағын көлемді кемелерді қайта тіркеуді жүргізу;

18) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

19) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

20) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21) тиісті мамандарды шағын көлемді кемелер мәселелері жөніндегі сараптамаларға қатысуға тарту;

22) алкогольдік, есірткілік және уытты мас күйінде болған шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін басқарудан шеттету және оларды медициналық куәландыруға жіберу;

23) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру арқылы іске асырады.

24) алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.01.31 № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-1-бап. Аумақтық бөлімшелердің кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қарап-тексеруді жүргізуі

Ескерту. 17-1-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қарап-тексеру кемелердің (оның ішінде шағын көлемді кемелердің) (оның мемлекеттік тіркелген орнына қарамастан), экипаждың кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қауіпсіз пайдалануды регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін анықтау мақсатында жүргізіледі. Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қарап-тексеру капитанның немесе бірінші штурманның (капитанның аға көмекшісінің) және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушісінің қатысуымен тұрақта тұрған, сол сияқты жүзіп келе жатқан кезде де жүргізілуі мүмкін.

Ішкі суларда жүзетін кемелерді және шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру – навигацияаралық кезеңнен кейін, ал "өзен-теңізде" жүзетін кемелерді теңізде пайдаланғаннан кейін олар ішкі су жолдарына кірген кезде жүргізіледі.

Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) бақылау мақсатында қарап-тексеру навигация кезеңінде екі айда бір реттен жиілетпей немесе көлік оқиғасы болған кезде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда жүргізіледі.

2. Өздігінен жүзетін кемелерді қарап шығу кезінде мыналар тексеруге жатады:

1) осы Заңның 23-бабында көрсетілген кеме құжаттары (болуы, жарамдылық мерзімдері, оларды жүргізу тәртібі);

2) штат кестесі мен кемелерді пайдалану режимі мен экипаждың жұмысы туралы кеме иесінің бұйрығы (немесе басқа құжат);

3) ішкі су жолдарының навигациялық карталары;

4) вахталық, штурмандық, жалпы кеме қызметтерін, адамдарды құтқаруды ұйымдастыру жөніндегі кеме іші құжаттамасы (саны, жүргізу сапасы):

вахталар кестесі;

дабылдар бойынша кесте және экипаж мүшелерінің жеке карточкалары;

ауа-райы болжамдарының журналы (тігіні);

жол ақпараттарының және кеме жүргізушілерге берілген хабарламалар журналы (тігіні);

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының, кеме атауының (нөмірінің) және борттарындағы тіркеу нөмірлерінің, корпусында жүк маркасының болуы және жай-күйі;

6) кеменің (құрамның) жүзу ауданының разряды мен жағдайына, құрамдарды қалыптастырудың және жолдар габариттерінің үлгілік сызбаларына сәйкестігі;

7) жолаушылар сыйымдылығы және жүк көтергіштік, борттың су бетіндегі биіктігі (жүк маркасы бойынша) нормаларын сақтау, кемені басқару постынан көруді қамтамасыз ету;

8) жарықтық және дыбыстық сигнал берудің болуы және жұмыс істеуі;

9) навигациялық, штурмандық және электрлі радионавигациялық приборлардың өзен кеме қатынасы нормалары бойынша болуы мен іс-әрекеті;

10) ұжымдық және жеке құтқару құралдары, пиротехникалар, авариялық жабдықтау санының кеме қатынасы тіркелімі нормаларына сәйкестігі, олардың маркировкаларының, орналасуы мен сақталуының дұрыстығы;

11) экипаждың штаттық кестеге және кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарға сәйкес жасақталуы;

12) командалық құрамда тиісті лауазымдарға орналасу құқығына дипломдарының, аттестаттау туралы анықтамаларының болуы;

13) ағымдағы және алдыңғы рейстерде (вахталық журналдағы жазбалар бойынша) құрамдарды қалыптастырудың үлгілік сызбаларын, жолаушылар сыйымдылығы мен жүк көтеру нормаларын, тіркеу құжаттарында көрсетілген жүзу ауданы мен шарттары бойынша шектеулерді, вахталарды атқару режимін, оқу дабылдарын және басқару құрылғысы істен шыққандағы іс-әрекет бойынша жаттығулар жүргізудің кезеңдігін сақтауы;

14) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

15) ағымдағы навигацияда аумақтық бөлімшелер қызметкерлерінің ұйғарымдарының орындалуы тексеріледі.

2-1. Өздігінен жүзбейтін (өздігінен қозғалуға арналған механикалық қондырғысы жоқ) кемелерді қарап тексеру кезінде:

1) осы Заңның 23-бабында көрсетілген кеме құжаттары (олардың болуы, қолданылу мерзімі, оларды жүргізу тәртібі);

2) кеме атауының (нөмірінің) және борттарында тіркеу нөмірлерінің, корпусында жүк маркасының болуы;

3) кеменің (құрамның) жүзу ауданының разряды мен жағдайларына, құрамдарды қалыптастырудың үлгілік схемаларына және жол көлемдеріне сәйкестігі;

4) жолаушылар сыйымдылығы және жүк көтерім, борттың су бетіндегі биіктігі (жүк маркасы бойынша) нормаларының сақталуы;

5) ағымдағы навигацияда аумақтық бөлімшелер қызметкерлері нұсқамаларының орындалуы тексеруге жатады.

3. Кемені қарап тексеру нәтижелері бойынша аумақтық бөлімшенің қызметкері кеменің атауын (нөмірін) және тіркеу нөмірін, кеме иесін, қарап тексеру күнін көрсете отырып, кемені қарап тексеру актісін жасайды. Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда, аумақтық бөлімшенің қызметкері анықталған бұзушылықтардың тізбесін және оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, нұсқама шығарады. Кеме құжаттары болмаған кезде және жүзу қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайларда, аумақтық бөлімшенің қызметкері осы Заңның 7-1-бабының 3-тармағында көзделген жедел ден қою шараларын қабылдайды.

Жедел ден қою шарасы қолданылған кезде осы шараның қолданылу мерзімі (қажет болған жағдайда) көрсетілген қадағалау актісі ресімделеді, оның нысанын уәкілетті орган айқындайды.

Кемені қарап тексеру актісі мен нұсқама екі данада жасалады және оларға аумақтық бөлімшенің қызметкері мен капитан (бірінші штурман немесе капитанның аға көмекшісі) қол қояды. Капитан (бірінші штурман немесе капитанның аға көмекшісі) кемені қарап тексеру актісіне немесе нұсқамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, бас тартудың мәлімделген себептер көрсетіле отырып жазба жасалады.

Кемені қарап тексеру актісінің және нұсқаманың бірінші данасы – кемеде, екіншісі аумақтық бөлімшеде кеме ісінде сақталады.

Қадағалау актісі екі данада жасалады, оған аумақтық бөлімшенің жұмыскері мен капитан (бірінші штурман немесе капитанның аға көмекшісі) қол қояды. Капитан (бірінші штурман немесе капитанның аға көмекшісі) қол қоюдан бас тартқан жағдайда, қадағалау актісінде бас тартудың мәлімделген уәждері көрсетіле отырып, жазба жасалады.

Қадағалау актісінің бірінші данасы – кемеде, екінші данасы аумақтық бөлімшеде кеме ісінде сақталады.

Кемені қарап тексеруді жүргізген аумақтық бөлімше қызметкерлері кемені қарап тексеру актісіндегі, нұсқамадағы және қадағалау актісіндегі жазбалардың анықтығына жауапты болады.

4. Шағын көлемді кемелерді қарап-тексеру кезінде:

- 1) кеме билеті;
- 2) өздігінен жүзетін шағын көлемді кеме мені басқару құқығына куәлік;
- 3) техникалық куәландырудан өткендігі;
- 4) шағын көлемді кемеде жолаушылар сыйымдылығы мен жүк көтеру нормаларын, жүзу ауданы мен шарттары бойынша шектеулердің, жолаушылар мен жүктердің дұрыс орналастырылуының сақталуы;
- 5) құтқару, өртке қарсы және су төгу құралдарының болуы;
- 6) борттарда тіркеу нөмірінің болуы;
- 7) орналасқан орнына қарамастан кеме корпусын тесіп өткен ойықтардың болмауы, кеме мені гермобөліктерінің және (немесе) әуе жәшіктерінің болмауы немесе тұмшалануының бұзылуы;
- 8) руль құрылғысының конструкцияда көзделген бекіту бөлшектерінің болуы немесе оның құрамдас бөліктерінің зақымдалуы, оның жұмыс істеу сенімділігінің қамтамасыз етілмеуі;
- 9) отын ағуының, дірілдің болмауы, бәсеңдеткіштің болуы және жарамдылығы, қозғалтқышты қашықтықтан басқару жүйесінің зақымдалуы, реверс-редуктордың сенімді қосылуының (ажыратылуының) қамтамасыз етілмеуі, реверс қосылып тұрған кезде қозғалтқыштың (мотордың) іске қосылуын бұғаттауыштың жарамсыздығы;
- 10) кеме мені жиынтықтамасы мен жабдығының кеме типіне сәйкестігі;
- 11) айырым оттарының болуы, жарамдылығы немесе сәйкестігі;
- 12) кеме мені белгіленген сыныбына сәйкес келетін бассейндерде (аудандарда) кеме мені пайдаланылуы;
- 13) руль, сигнал, зәкір және арқандап байлау құрылғысының болуы және жарамдылығы;
- 14) орнатылған қозғалтқыштың ең жоғары қуатының сәйкестігі тексеруге жатады.

5. Шағын көлемді кеме мені қарап-тексеру нәтижелері бойынша аумақтық бөлімшенің лауазымды адамы шағын көлемді кеме мені атауын (нөмірін) және тіркеу нөмірін, кеме иесін (кеме жүргізушіні), қарап-тексеру күнін көрсете отырып, шағын көлемді кеме мені қарап-тексеру актісін жасайды. Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қауіпсіз пайдалануды регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда аумақтық бөлімшенің лауазымды адамы анықталған бұзушылықтардың тізбесін және оларды жою мерзімдерін көрсете отырып нұсқама шығарады. Кеме құжаттары болмаған кезде және жүзу қауіпсіздігіне қатер төнетін жағдайларда аумақтық бөлімшенің жұмыскері осы Заңның 7-1-бабының 2-тармағында көзделген жедел ден қою шараларын қабылдайды.

Жедел ден қою шаралары қолданылған кезде осы шараның қолданылу мерзімі (қажет болған жағдайда) көрсетілген қадағалау актісі ресімделеді, оның нысанын уәкілетті орган айқындайды.

Шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісі және нұсқама уәкілетті орган бекітетін нысандар бойынша екі данада жасалады және оларға аумақтық бөлімшенің лауазымды адамы және кеме жүргізуші қол қояды. Кеме жүргізуші шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісіне немесе нұсқамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, мәлімделген бас тарту уәждері көрсетіле отырып жазба жасалады.

Шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісінің және нұсқаманың бірінші данасы – кеме иесінде, екіншісі аумақтық бөлімшеде сақталады.

Қадағалау актісі екі данада жасалады, оған аумақтық бөлімшенің жұмыскері мен кеме жүргізуші қол қояды. Кеме жүргізуші қадағалау актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, бас тартудың мәлімделген уәждері көрсетіле отырып, жазба жасалады.

Қадағалау актісінің бірінші данасы – кеме иесінде, екінші данасы аумақтық бөлімшеде сақталады.

Шағын көлемді кемеге қарап-тексеру жүргізген аумақтық бөлімшенің жұмыскерлері шағын көлемді кемені қарап-тексеру актісіндегі, нұсқамадағы және қадағалау актісіндегі жазбалардың анықтығына жауапты болады.

Ескерту. 17-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.31. № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-2-бап. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәртібі

Ескерту. 17-2-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган ақпараттық жүйелер деректерін талдау, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) қызметі туралы басқа да мәліметтер негізінде жүзеге асырады.

2. Кеме иелері, кемелерді, порттарды, порт құралдарын, жағалау объектілерін, кеме қатынасы шлюздері мен теңіздегі және ішкі су жолдарындағы құрылысжайларды пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар бақылау және қадағалау субъектілері болып табылады.

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық

бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын бақылау және қадағалау субъектісіне беру мен бақылау және қадағалау субъектісіне әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

4. Бақылау және қадағалау субъектілеріне бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын беру үшін бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салдарын жою мүмкін болатын бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

5. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша бақылау және қадағалау субъектісіне бұзушылықтарды жою тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалмай, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным жасалады.

6. Ұсыным бақылау және қадағалау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту мен алу фактілері расталатын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

7. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау және қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

8. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

9. Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

10. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

11. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

Ескерту. 4-тарау 17-2-баппен толықтырылды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3. Қажет болған жағдайда, кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында лоцман кемені лоцмандық алып өтуді кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мән-жайлар туындағанға дейін тоқтата тұруға құқылы.

4. Кемеде лоцманның болуы кеме капитанын кемені басқару жауапкершілігінен босатпайды.

Кеме капитаны кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында лоцман ұсыныстарының дұрыстығына күмәні болған жағдайда, оның қызмет көрсетуінен бас тартуға құқылы, бұл ретте, егер кемені лоцмандық алып өту міндетті болса, кеме капитаны мұндай лоцманды алмастыруды талап етуге міндетті.

5. Кеменің меншік иесіне және (немесе) кеме иесіне лоцманның кінәсінен келтірілген зиян үшін кеменің меншік иесіне және (немесе) кеме иесіне зиян келтірілген кезде лоцман жұмыс істейтін ұйым жауапты болады.

Егер лоцмандық алып өтуді тиісінше жүзеге асырмаудың салдарынан келтірілген залал лоцманның немесе лоцман жұмыс істейтін ұйымның қасақана немесе абайсызда жасаған әрекетінің (әрекетсіздігінің) салдарынан болғандығы дәлелденсе, лоцман немесе лоцман жұмыс істейтін ұйым толық көлемде жауапты болады.

Кемені лоцмандық алып өтуді тиісінше жүзеге асырмауға кінәлі лоцман Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидасында айқындалатын тәртіппен және жағдайларда мамандығынан айырылуы мүмкін.

6. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуші кеме ішкі су жолдарымен бүкіл жүзу жолында, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, міндетті түрде лоцмандық алып өтуге жатқызылады.

7. Кемені лоцмандық алып өту кезінде лоцман аумақтық бөлімшеге:

1) кеме қатынасы қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін кеме жолының кез келген өзгерістері;

2) лоцмандық алып өтуді өзі жүзеге асырып отырған кеме және ішкі су жолдарында өзі қызмет көрсететін учаскеде басқа да кемелер ұшыраған кез келген оқиғалар;

3) лоцмандық алып өтуді өзі жүзеге асырып отырған кеменің капитаны кеменің жүзу ережелері мен ішкі су жолдарының кемелерден аққан сарқынды және құрамында мұнайы бар сулармен ластануын болғызбау ережелерін орындамауы туралы дереу хабарлауға міндетті.

8. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.31. № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Зандарымен.

21-бап. Кемелер қозғалысын шектеу немесе оған тыйым салу

1. Дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар туындаған жағдайларда, сондай-ақ портта жүктер мен кемелердің шамадан тыс шоғырлануы кезінде аумақтық бөлімше кеме катынасы қауіпсіздігі, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, жүктердің сақталуы мақсатында кемелер қозғалысын шектеу немесе оларға тыйым салу туралы шешім қабылдауға құқылы, ол туралы мұндай шектеудің қолданылу мерзімдері жөнінде шешім қабылдайтын уәкілетті органға дереу хабарлайды.

Кемелер қозғалысына бес күннен астам мерзімге шектеу енгізілген немесе тыйым салынған жағдайда уәкілетті орган ол жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметін дереу хабардар етеді.

2. Аумақтық бөлімше қабылданған шешім туралы кемелер қозғалысына шектеу енгізудің немесе тыйым салудың себептері мен мерзімдерін көрсете отырып, жүк тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіппен тасымалдаушыларды, жүк жөнелтушілерді және жүк алушыларды хабардар етуге міндетті.

5-тарау. Кеме

22-бап. Кемені бірдейлендіру құралдары

1. Мемлекеттік кеме тізілімінде және жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркелуге жататын кеменің атауы, тіркелімге алынған пункті, тіркеу нөмірі, шақыру сигналы және кеменің техникалық жарақтандырылуына қарай кемедегі жерсеріктік байланыс станциясының сәйкестендіру нөмірі мен кеме станциясын іздеп шақыру нөмірінің болуы міндетті.

Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес, кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын шағын көлемді кеменің екі бортында да тіркеу нөмірінің болуы міндетті.

2. Меншік иесі кемеге атау береді және оны өзгертеді.

Тұйық бассейнде, аралас бассейндерде және аралас "өзен-теңіз" жүзу бассейндерінде пайдаланылатын кемелерге бірдей атау беруге жол берілмейді.

2-1. Меншік иесі тіркелген кеме кепілдерінің кепіл ұстаушыларын кеме атауының өзгергені туралы дереу хабардар етеді.

3. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес аумақтық бөлімше кеменің тіркеу нөмірін береді.

4. Шақыру сигналы, кемедегі жерсеріктік байланыс станциясының бірдейлендіру нөмірі мен кеме станциясын іздеп шақыру нөмірі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен беріледі.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013

№ 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Кеме құжаттары

1. Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемеде берілуі және жүргізілуі тәртібін уәкілетті орган айқындайтын мынадай кеме құжаттары:

1) кемеңің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын және кемеге (Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелуге жататын кемелер үшін) меншік құқығын растайтын кеме куәлігі;

2) шетелдік кемеге (жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде тіркелген кемелер үшін) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру туралы куәлік;

3) кемеңің жүзуге жарамдылығы туралы, оның сыныбы немесе сыныптау куәлігі көрсетілген куәлігі;

4) өздiгiнен жүзетiн кемелер үшін кеме журналы (вахталық журнал);

5) кеме рөлі (өздiгiнен жүзетiн кемелер үшін) - кеме капитаны жасаған кеме экипажы мүшелерінің тізімі;

б) радиожурнал (егер кемеде кеме радиостанциясы бар болса);

7) кеме станциясының рұқсаты (егер кемеде кеме радиостанциясы бар болса);

8) машина журналы (механикалық қозғағышы бар кемелер үшін);

9) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) кемеге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды;

11) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

12) кемеңің мұнаймен, қалдық сулармен және қоқыспен ластануын болғызбау туралы куәлік;

13) кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік (өздiгiнен жүзетiн кемелер үшін) болуға тиіс.

1-1. Ішкі су жолдарында және өзге де су айдындарында пайдаланылатын мемлекеттік тіркеуге жататын шағын көлемді кемеде мынадай құжаттар:

1) кеме билеті болуға тиіс.

2) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Көшірмесін кемеге меншік құқығы туралы куәлікті берген орган растауға немесе нотариус куәландыруға тиісті осындай куәлікті қоспағанда, кеме құжаттары кемеде түпнұсқа түрінде болуға тиіс.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге байланысты жүзуді жүзеге асыратын, Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркелген

кемеде, оның ішінде шағын көлемді кемеде осы баптың 1 және 1-1-тармақтарында көзделген құжаттардан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген құжаттар болуға тиіс.

4. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуші, ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кемеде Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда белгіленген құжаттар болуға тиіс.

5. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуші әрі Қазақстан Республикасының портына кіруші немесе ішкі су жолдарымен жүзіп өтуші кемеменің кеме құжаттарын тану Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.31. № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы

1. Кемелердің ішкі су жолдарында тек қана Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуіне жол беріледі.

2. Кемелердің шет мемлекеттің туын көтеріп, оның ішінде ішкі су жолдары арқылы транзит мақсатында жүзуі Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы:

1) мемлекеттің;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіндегі кемелерге беріледі.

3) алып тасталды - 2006.01.31. № 125 Заңымен.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын пайдаланушы кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туымен жүзуге міндетті.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзу құқығы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде кеме мен мемлекеттік тіркеген кезден бастап туындайды.

6. Алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Кеме мен жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне мемлекеттік тіркеу кезінде аумақтық бөлімше кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешімде көрсетілген мерзімге шетелдік кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы куәлік береді.

8. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерден меншікке сатып алынған кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын Қазақстан Республикасының консулдық қызметі мұндай құқықты растаған және кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркелгенге дейін күші болатын уақытша куәлік берген күннен бастап бір жылдан аспайтын мерзімде пайдаланады.

9. Кемелің меншік иесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда уәкілетті орган меншік иесінің өтініші бойынша оған аталған куәліктің дубликатын береді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәліктің дубликатын беру тәртібі Кемелі, оның ішінде шағын көлемді кемелі және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасымен белгіленеді.

10. Кеме Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен шығарылған күннен бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын жоғалтады.

11. Уәкілетті орган шешімінің негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы шет мемлекеттің кеме тізілімінде тіркелген, қазақстандық тұлға экипажсыз жалға алған (бербоут-чартер) кемеге:

1) жалға алушы осы баптың 3-тармағына сәйкес кемелің меншік иесіне қойылған талаптарға сай келетін;

2) кемелің меншік иесі кемелің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге ауысуына жазбаша нысанда келісім берген;

3) кемелің меншік иесі мемлекетінің заңдары кемеге шет мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығын беруге тыйым салмайтын жағдайда уақытша берілуі мүмкін.

12. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы осы баптың 11-тармағында көрсетілген кемеге екі жылдан аспайтын мерзімге, одан әрі қарай әрбір екі жыл сайын, бірақ жалға алу шартының қолданылу мерзімінен аспайтын уақытқа ұзарту құқығымен берілуі мүмкін.

13. Кеме шетелдік тұлғаға экипажсыз жалға берілген (бербоут-чартер) жағдайда кемең меншік иесі осындай беруге жазбаша түрде келісім беру және кемеңі жалға алушы мемлекеттің заңдары кемеңе мұндай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығына жол беру шартымен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы уақытша тоқтатыла тұруы мүмкін.

Кемеңі шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге ауыстыру мүмкіндігі туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды. Кемеңі шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге ауыстыру мерзімі кемеңі жалға алу шартының қолданылу мерзімімен айқындалады.

Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.31. № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-тарау. Кемеңе меншік құқығы. Кемеңі және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу. Кеме кепілі. Кеме ипотекасы

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Кемеңе меншік құқығы

1. Кемелер:

1) мемлекеттің;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының;

3) егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттердің, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды тұлғалардың меншігінде болуы мүмкін.

2. Кемеңе немесе кемеңің бір бөлігіне меншік құқығы осындай құқықты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеген кезден бастап туындайды және аумақтық бөлімше берген кеме куәлігімен расталады.

Кеме куәлігі жоғалған жағдайда, аумақтық бөлімше кемеңің меншік иесінің өтініші бойынша оған аталған құжаттың телнұсқасын береді. Кеме куәлігінің телнұсқасын беру тәртібі Кемеңі, оның ішінде шағын көлемді кемеңі және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларымен белгіленеді.

2-1. Шағын көлемді кемеңе немесе шағын көлемді кемеңің бір бөлігіне меншік құқығы осындай құқықты кеме кітабында мемлекеттік тіркеген кезден бастап туындайды және аумақтық бөлімше берген кеме билетімен расталады.

Кеме билеті жоғалған жағдайда, аумақтық бөлімше шағын көлемді кемеңің меншік иесінің өтініші бойынша оған аталған құжаттың телнұсқасын береді. Кеме билетінің телнұсқасын беру тәртібі Кемеңі, оның ішінде шағын көлемді кемеңі және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларымен белгіленеді.

3. Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-1. Алып тасталды – ҚР 26.01.2021 № 412-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Кеменің меншік иесі, егер шартта өзгеше көзделмесе, оны меншік иесінің мүддесінде сыйақы алу арқылы кемені басқаруды жүзеге асыру үшін оны сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлік басқарушыға беруге құқылы.

Кемені сенімгерлік басқаруға беру оған меншік құқығының сенімгерлік басқарушыға өтуіне әкеп соқпайды.

5. Алып тасталды – ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.26 № 311, 2011.03.25 № 421-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.01.2021 № 412-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

26-бап. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Кеме оған тіркеу нөмірін беру арқылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге тиіс.

2. Осы Заңның 24-бабының 11-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы уақытша берілген кеме жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркелуге тиіс.

3. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу деп Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес мемлекеттің кемеге құқықтың туындауын, шектелуін (ауыртпалықтарын), ауысуын немесе тоқтатылуын тану және растау актісі түсініледі.

4. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін, сондай-ақ кемені мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың дубликатын алу кезінде Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

4-1. Егер кеме оқиға салдарынан немесе басқа себеппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне немесе кеме кітабына бұрын енгізілген мәліметтерге сәйкес келмей қалса, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен кеме мені мемлекеттік қайта тіркеу жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының меншігіндегі және мемлекеттік органдардың өздеріне жүктелген функцияларды орындауы үшін коммерциялық мақсаттарда пайдалануы да кеме мені қайта тіркеу үшін негіз болып табылады.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде жолаушылар, жүк-жолаушылар, мұнай құйылатын, сүйреткіш кемелер, құрғақ жүк кемелері, қалқымалы крандар және техникалық флот кемелері, сондай-ақ шағын көлемді кемелер болып табылмайтын кемелер тіркеледі.

6. Шағын көлемді кемелер кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге жатады.

Массасы қоса алғанда екі жүз килограмға дейінгі және қозғалтқыштарының (орнатылған жағдайда) қуаты қоса алғанда сегіз киловатқа дейінгі шағын көлемді кемелер, сондай-ақ ұзындығы тоғыз метрден аспайтын, қозғалтқыштары жоқ және демалуға арналған орындармен жабдықталмаған спорттық желкенді кемелер мемлекеттік тіркелуге жатпайды.

6-1. Мемлекеттік кеме тізілімінде және кеме кітаптарында шлюпкалар және кеме жабдықтары болып табылатын өзге де жүзбелі құралдар тіркелмейді.

7. Аумақтық бөлімше, егер ұсынылған құжаттардың нысаны мен мазмұны Кеме мені, оның ішінде шағын көлемді кеме мені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасында белгіленген талаптарға сай болмаған жағдайда, мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

8. Мүдделі тұлға кеме мені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

9. Егер кемеге меншік құқығы шет мемлекеттің кеме тізілімінде тіркелген болса, ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне тіркелмейді. Мұндай жағдайда кемеге меншік құқығын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу үшін меншік иесі кеме менің шет мемлекеттің кеме тізілімінен шығарылғаны туралы үзінді көшірмені ұсынуға тиіс.

10. Шет мемлекеттің кеме тізілімінде тіркелген кеме мұндай кемеге осы Заңның 24-бабының 11-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркелуге тиіс.

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (қолданысқа

енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-бап. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеудің негіздері

Ескерту. 27-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеудің негіздері:

- 1) мемлекеттік органдардың өз құзыреті шегінде шығарған актілері;
- 2) кемеге, оның ішінде шағын көлемді кемеге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалған шарттар мен басқа да мәмілелер;
- 3) мұраға құқық туралы куәлік;
- 4) соттың заңды күшіне енген шешімі;
- 5) кемеге, оның ішінде шағын көлемді кемеге меншік құқығын растайтын өзге де құжаттар болып табылады.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі

Ескерту. 28-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке мынадай құжаттар:

- 1) осы Заңның 27-бабына сәйкес кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуге негіз болып табылатын құқық белгілейтін және өзге де құжаттар;
- 2) сыныптаушы куәлік;
- 3) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат қоса берілуге тиіс.

1-1. 31.12.2015 дейін қолданыста болды - ҚР 27.04.2015 № 311-V Заңымен.

1-2. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-1-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында, 61-4-бабында көзделген операцияны жүргізу кезінде кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

1) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның активтер мен талап ету құқықтарын сатып алуын көздейтін шарттың (тапсыру актісі немесе одан үзінді-көшірме қоса беріле отырып), талап ету құқықтарын (талаптарын) басқаға беру туралы талапты қамтитын шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;

2) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат.

2. Кемені жалға алынған шетелдік кемелер тізіліміне мемлекеттік тіркеу үшін кемені жалға алушының кемені мемлекеттік тіркеу туралы өтінішіне осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, қосымша мынадай құжаттар:

1) кемені жалға алу шартының нотариат куәландырған көшірмесі;

2) кеменің меншік иесінің және кеменің немесе оған ауыртпалықтардың тіркелген ипотекасының кепіл ұстаушысының кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге ауыстыруға жазбаша рұқсаты;

3) жалға алу шарты бойынша кемені қазақстандық жалға алушының аты мен тұрғылықты жерін не атауын және орналасқан жерін растайтын құжат;

4) шет ел кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы және осы кеменің атауын айқындау туралы уәкілетті органның шешімі;

5) кеме тіркелген, тікелей ту ауыстырғанға дейін шет мемлекеттің құзыретті билік орындары берген және бұл мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығының кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы берілген мерзімге тоқтатыла тұрғанын растайтын құжат табыс етіледі.

3. Шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке мынадай құжаттар:

1) осы Заңның 27-бабына сәйкес кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуге негіз болып табылатын құқық белгілейтін және өзге де құжаттар;

2) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат қоса берілуге тиіс.

3-1. 31.12.2015 дейін қолданыста болды - ҚР 27.04.2015 № 311-V Заңымен.

3-2. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-1-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында, 61-4-бабында көзделген операцияны жүргізу кезінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

1) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын

ұйымның активтер мен талап ету құқықтарын сатып алуын көздейтін шарттың (тапсыру актісі немесе одан үзінді-көшірме қоса беріле отырып), құқықтарды (талаптарды) басқаға беру туралы талапты қамтитын шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;

2) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Ескерту. 28-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11. № 201 (01.01.2007 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.04.2015 № 311-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

29-бап. Кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығару

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан :

- 1) опат болған немесе хабарсыз жоғалып кеткен;
- 2) конструкциялық жағынан күйреген;
- 3) қайта жасау немесе басқа да өзгерістер нәтижесінде кеме сапасын жоғалтқан;
- 4) осы Заңның 24-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмей қалған;
- 5) кеме иесінің ауысуына байланысты кеме шығарылуға тиіс.

2. Кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінен немесе кеме кітабынан шығару үшін кеменің меншік иесі аумақтық бөлімшеге өтінішті және осындай шығаруға негіз болып табылған мән-жайларды растайтын құжаттарды беруге міндетті.

Ескерту. 29-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

30-бап. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасын бұзғаны үшін жауаптылық

Кемені және оған құқықтарды міндетті мемлекеттік тіркеуден жалтарған тұлға, сондай-ақ кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде белгіленген тәртіпті бұза отырып тіркеген тұлға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

31-бап. Кемеге тыйым салу және оны мәжбүрлеп сату

Егер сот кемеге тыйым салу түріндегі қуынымды қамтамасыз ету туралы ұйғарым қабылдаған немесе кеме атқарушылық іс жүргізу тәртібімен сатылған жағдайда, аумақтық бөлімше Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізіліміне немесе кеме кітабына тиісті жазба енгізеді. Бұл ретте аумақтық бөлімше кеменің меншік иесін кемеге қуынымды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданғаны немесе кемеден мұндай шаралардың алып тасталғаны туралы хабардар етуге тиіс.

Ескерту. 31-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

32-бап. Кеме кепілі, кеме, оның ішінде шағын көлемді кеме ипотекасы

Кеме кепілі, кеме, оның ішінде шағын көлемді кеме ипотекасы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 32-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-1-бап. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу

1. Кеме ипотекасын аумақтық бөлімше сол кеме тіркелген тізілімге тіркейді.
2. Осы Заңның 24-бабының 7 және 11-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы уақытша берілген шетелдік кеменің ипотекасы Қазақстан Республикасында тіркеле алмайды.
3. Кеме ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күні тіркеледі.
4. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.
5. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берумен куәландырылады.
6. Кеме ипотекасын мемлекеттік тіркегені және кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

Ескерту. 6-тарау 32-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-2-бап. Шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу

1. Шағын көлемді кеме ипотекасын аумақтық бөлімше сол шағын көлемді кеме тіркелген кеме кітабына тіркейді.
2. Шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күні шағын көлемді кеменің ипотекасы тіркеледі.
3. Шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу тәртібі Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасында айқындалады.

4. Шағын көлемді кемең ипотекасын мемлекеттік тіркеу шағын көлемді кемең ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті берумен куәландырылады.

5. Шағын көлемді кемең ипотекасын мемлекеттік тіркегені және кемең ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

Ескерту. 6-тарау 32-2-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-тарау. Кеме экипажы

33-бап. Кеме экипажының құрамы

1. Кеме экипажы кемең командалық құрамының адамдарынан, кеме командасынан, ал жолаушы кемелерінде - кеме жолаушыларына қызмет көрсетуші персоналдан да тұрады.

2. Кемең командалық құрамына кеме капитаны, су түбін тереңдету немесе су түбін тазалау снарядының командирі, олардың көмекшілері, механиктер мен электромеханиктер, механиктер мен электромеханиктердің көмекшілері, радиомамандар және дәрігерлер кіреді.

3. Кеме командасы кемеде жұмыс істейтін, кемең командалық құрамына және кеме жолаушыларына қызмет көрсететін персоналға жатпайтын адамдардан тұрады.

4. Кеме экипажының ең аз құрамын уәкілетті орган белгілі бір түрдегі кемең пайдалану талаптарына сәйкес белгілейді.

5. Кеме экипажының құрамына кіретін адамдар кеме экипажы мүшелерінің тізіміне (кеме рөлі) енгізілуге тиіс, оны жүргізу кеме капитанының міндеті болып табылады.

Ескерту. 33-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

34-бап. Кеме экипажының мүшелеріне қойылатын талаптар

1. Кемелердің командалық құрамының лауазымдарына орналасуға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларына сәйкес тиісті біліктілігі бар адамдар жіберіледі.

Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау әрбір келесі бес жыл өткен соң жүргізіледі. Тиісті мамандық бойынша оқу орнын кезекті аттестаттау жылында бітірген, сондай-ақ сол жылы диплом алған адамдар аттестаттаудан босатылады.

1-1. Алып тасталды - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Кемедегі жұмысқа денсаулық жағдайы бойынша мұндай жұмысқа жарамдылығы туралы медициналық комиссияның қорытындысы бар адамдар жіберіледі.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуші кеме экипажының құрамына кіретін шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар кеме капитаны, кеме капитанының аға көмекшісі, аға механик пен радиомамандар лауазымдарына тағайындала алмайды. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кеме экипажының құрамына кіру мүмкіндігінің шарттарын уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындайды.

4. Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 34-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

35-бап. Кеме капитаны

1. Кеме капитаны біліктілік деңгейі қойылған талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс.

Кеме капитанына қойылатын біліктілік талаптарын, оны аттестаттау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

2. Кеме капитанына кемені басқару, оның ішінде кеме жүргізу, кеменің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету, кемедегі тәртіпті сақтау, қоршаған ортаны қорғау, кемеге, кемедегі адамдарға, багажға және жүкке зиян келтірілуін болдырмау жөнінде шаралар қабылдау жүктеледі.

3. Кеменің меншік иесі, кеме иесі, жүк жөнелтуші немесе олардың өкілдері болмаған уақытта кеме капитаны қажет болған жағдайда кемеге, жүкке немесе кеменің жүзуіне қатысты мәмілелер жасасу, сондай-ақ кемедегі мүлікке қатысты талап қою кезінде кеменің меншік иесінің, кеме иесінің және жүк жөнелтушінің өкілі болып табылады.

4. Егер кеме капитанының пікірі бойынша кемеге анық опат болу қаупі төнген жағдайда кеме капитаны жолаушыларды құтқару жөніндегі барлық шаралар қабылданғаннан кейін кеме экипажының мүшелеріне кемені тастап шығуға рұқсат етеді. Кеме капитаны кеме журналын, машиналық журналды, кеменің жүзу бағытының

карталарын, кеме мөрін, құжаттар мен бағалы заттарды құтқару жөніндегі өзіне байланысты барлық шараларды қабылдағаннан кейін кемеңі ең соңынан тастап шығады

5. Кемеңі меншік иесі мен кеме иесі кеме капитанының осы баптың 4-тармағында көзделген міндеттерді бұзғаны үшін жауап бермейді.

Ескерту. 35-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

36-бап. Кеме капитанының құқықтары мен міндеттері

1. Кеме капитанының өз өкілеттігі шегінде берген өкімдерін кемедегі адамдардың барлығы орындауға тиіс.

2. Кеме капитаны:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экипаж мүшелерін қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуге;

2) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен кеме экипажының мүшелерін көтермелеуге және оларға тәртіптік жазалар қолдануға;

3) жүзу кезінде кемеде болған адамның аманатын қуәландыруға құқылы, бұл ретте кеме капитаны қуәландырған аманат Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңдарына сәйкес нотариалдық қуәландырумен теңестіріледі.

3. Кеме капитаны:

1) егер өз кемесіне және ондағы адамдарға қауіп төндірмейтін болса, суға батып бара жатқан адамға көмек көрсетуге;

2) кемелер соқтығысқан жағдайда осы соқтығысқа ұшыраған басқа кемеге, оның жолаушылары мен экипаж мүшелеріне көмек көрсетуге, бұл ретте соқтығысқан кемелердің капитандары бір-біріне өз кемелерінің атауларын хабарлауға;

3) егер кеме экипажының мүшесі немесе жолаушы кеме жүзіп жүрген кезде көрсетілу мүмкін емес шұғыл медициналық көмекке мұқтаж болған жағдайда, кемеңі меншік иесіне және (немесе) кеме иесіне, ал кеме шетелдік портқа кірген кезде Қазақстан Республикасының консулы мен кеме иесінің агентіне (шетел портында мұндай агент болған кезде) де хабар бере отырып, ең жақын портқа кіруге;

4) кеме экипажының мүшесі немесе жолаушы оның опат болу мүмкіндігі бар мән-жайларда жоғалып кеткен жағдайда кеме журналына жазба енгізуге, акт жасауға, сондай-ақ жоғалып кеткен кеме экипажы мүшесінің немесе жолаушының кемедегі мүлкіне тізімдеме жасап, аталған акті мен мүлікті ең жақын порттың капитанына тапсыруға;

5) кемеде бала туылған немесе кемеде қайтыс болудың әрбір жағдайында екі куәгердің және егер кемеде дәрігер болса, соның қатысуымен тиісті акт жасауға, сондай-ақ кеме журналына жазба енгізуге;

6) кемең меншік иесін және (немесе) кеме иесін кемедегі қайтыс болу жағдайы туралы хабардар етуге және қайтыс болған адамның мәйітін сақтау әрі оны туысқандарына немесе ең жақын порттағы порт әкімшілігіне тапсыру жөнінде шаралар қолдануға;

7) қайтыс болған адамның кемедегі мүлкіне тізімдеме жасауға және мұндай мүліктің жасалған тізімдемеге сәйкес қайтыс болған адамның туысқандарына немесе ең жақын порттағы порт әкімшілігіне тапсырылғанға дейін сақталуын қамтамасыз етуге;

8) іс-әрекеті кеме немесе ондағы адамдар мен мүліктің қауіпсіздігіне қатер төндіретін адамды оқшаулауға;

9) жүзіп жүрген кемеде Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер анықталған жағдайда, бұл туралы құқық қорғау органдарын дереу хабардар етуге және мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына күдікті адамды жақын жердегі порттағы немесе елді мекендегі аталған органдарға бергенге дейін ұстап алуға;

10) құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасау мақсатында кемеге адамдар шабуыл жасаған жағдайда ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісе отырып, уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес әрекет етуге міндетті.

4. Кеме капитаны ауырған немесе оған өз қызметтік міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін өзге де себептер болған жағдайларда, сондай-ақ ол қайтыс болғанда кеме капитанының міндеттері кемең меншік иесінің және (немесе) кеме иесінің өкімін алғанға дейін кеме капитанының аға көмекшісіне жүктеледі.

Ескерту. 36-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.15 № 253, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

37-бап. Кемедегі еңбек қатынастары

1. Кеме экипажының мүшелерін тағайындауды кемең меншік иесі мен (немесе) кеме иесі кеме капитанымен келісе отырып жүзеге асырады.

2. Кеме экипажының мүшелерімен еңбек шартын жасасу тәртібі, олардың құқықтары мен міндеттері, еңбек және ақы төлеу шарттары, сондай-ақ олармен еңбек шартын тоқтатудың тәртібі мен негіздері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және осы Заңмен айқындалады.

3. Кеме иесі кеме экипажының мүшелеріне олар кемеде болған кезде:

1) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбектің қауіпсіз жағдайларын;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес денсаулықты қорғау мен медициналық көмекті;

3) құтқару құралдарының болуын;

4) азық-түлікпен және сумен үздіксіз жабдықтауды;

5) санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келетін демалуға, тамақтануға, емделуге, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетуге арналған үй-жайлармен қамтамасыз етуге міндетті.

4. Кеме экипажының мүшесі өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде опат болған немесе оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда кеме меншік иесі және (немесе) кеме иесі кеме экипажының мұндай мүшесіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өтеуге міндетті.

5. Кеме экипажының мүшесі жеке пайдалануға арналған мүлкін кемеден алып жүруге құқылы. Кеме меншік иесі мен (немесе) кеме иесі кеме экипажының осы мүшесіне келтірілген нұқсанды өтеуге міндетті. Бұл ретте кеме меншік иесі оқиғаға ұшырауына кінәлі экипаж мүшесінің мүлкіне келтірілген нұқсан өтелмейді.

Ескерту. 37-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2007.05.15. № 253 Заңымен.

38-бап. Кеме экипажы мүшесінің ол жұмысқа қабылданған жерге қайта оралуы

1. Кеме меншік иесі мен (немесе) кеме иесі:

1) кеме опат болған;

2) кеме экипажының мүшесі ауырып қалған немесе кемеден тысқары жерде емделуді қажет ететін жарақат алған;

3) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты тоқтатылған , оның ішінде белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шартының қолданылу мерзімі Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде аяқталған;

4) кеме иесінің банкротқа ұшырауы, кеме сату немесе кеме тіркелген мемлекеттің өзгеруі салдарынан кеме меншік иесі мен (немесе) кеме иесінің кеме экипажының мүшесіне қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында немесе еңбек және ұжымдық шарттарда көзделген өз міндеттерін орындау мүмкіндігі болмаған;

5) кеме экипажы мүшесінің келісімінсіз кеме әскери іс-қимылдар аймағына немесе эпидемиологиялық қауіпті аймаққа жіберілген жағдайда кеме экипажының мүшесін және оның салмағы отыз килограммға дейінгі жеке мүлкін өз есебінен кеме экипажының мүшесін жұмысқа қабылдаған жерге немесе тараптар келіскен басқа жерге жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Кеме экипажы мүшесінің жұмысқа қабылданған жерге қайта оралуының себебі олардың еңбек және ұжымдық шарттарды бұзуы болып табылған жағдайда кеме меншік иесі мен (немесе) кеме иесі Қазақстан Республикасының заңдарына, еңбек және ұжымдық шарттарға сәйкес осы экипаж мүшелерінен мұндай қайта оралуға байланысты шығыстарды толық немесе ішінара өндіріп алуға құқылы.

Ескерту. 38-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2007.05.15. № 253 Заңымен.

8-тарау. Кеме жалға алу

39-бап. Жалпы ережелер

1. Кемеңі жалға алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына және осы тарауда белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Егер жалға алу шартында өзгеше белгіленбесе, осы тарауда белгіленген ережелер қолданылады.

2. Кемеңі экипажымен жалға алу жалға берушінің кемеңі жалға алушыға сонымен қатар кемеңі басқару және оны техникалық пайдалану жөніндегі қызметтер көрсетуді де беруін көздейді.

3. Кемеңі экипажсыз жалға алуға жалға берушінің кемеңі басқару және оны техникалық пайдалану жөніндегі қызметтер көрсетуі кірмейді.

4. Жалға алушыға қойылатын талаптардан туындайтын өндіріп алу талаптарын үшінші бір тараптардан жалға алынған кемеге қатысты қоюға жол берілмейді.

5. Жалға алу шарты қолданыста болған уақытта кемеңі иеліктен айыру оның қолданысының тоқтатылуына әкеп соқпайды, бұл ретте жаңа меншік иесі Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен мұндай шартта көзделген барлық құқық пен міндеттерді иеленеді.

Кемеге иелік етуден айырылған тұлға кемеге меншік құқығын иеленген тұлғаны иеліктен айырылған кемеге қатысты жасалған жалға алу шарты туралы хабардар етуге міндетті. Кемеге меншік құқығын иеленуші тұлғаның міндеті осы кемеңі жалға алушыны меншік иесінің ауысқаны туралы хабардар ету болып табылады.

6. Кемеңі жалға беру және кемеңі қайтарып алу жалға алу шартында көрсетілген жерде жүзеге асырылады. Кемеңі шартта көрсетілген жерге жеткізуге байланысты шығыстарды, егер жалға алу шартында өзгеше көзделмесе, кемеңі жалға беруші тарап көтереді.

7. Жалға алу шартында жалға беру мерзімінің басталу және аяқталу күндері көрсетіле отырып, кемеңі жалға алушының иеленуі мен пайдалануына берудің мұндай мерзімі қарастырылады. Жалға алушы кемеңі иеленуге және пайдалануға мұндай мерзімнің басталу күнінен бұрын алуға міндетті емес. Жалға алушы кемеңі өз билігіне мұндай мерзімнің аяқталу күні өткенге дейін алуға міндетті. Егер кеме жалға алу шартында көрсетілген мерзімде жалға алушының иеленуіне және пайдалануына берілмеген жағдайда жалға алушының жалға алу шартын бұзуды талап етуге құқығы бар. Егер жалға алушы мұндай мерзімнің аяқталу күні өткеннен кейін кемеңі алмаса, жалға беруші де жалға алу шартын бұзуға құқылы.

Жалға алу шартын өзгерту және бұзу тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүргізіледі.

8. Жалға алушы жалға берушінің келісімі бойынша кемеңі қосалқы жалға беруге құқылы.

Қосалқы жалға беру шартын жасасқан кезде кемеңі беруші тұлға Қазақстан Республикасының заңдарында кеме қосалқы жалға тапсырылатын тұлғаға қатысты

жалға берушілер үшін көзделген құқықтар мен міндеттерді иеленеді, бірақ, бұл ретте бұған дейін кемені жалға немесе қосалқы жалға алған тұлғаға қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында және жалға алу шартында көзделген құқықтары мен міндеттері сақталады.

Қосалқы жалға беру шарты жалға алу шартының мерзімінен асатын мерзімге жасалмайды.

40-бап. Кемені экипажымен жалға беру кезіндегі жалға берушінің құқықтары мен міндеттері

1. Жалға беруші жалға алу шартында көзделген мақсаттар үшін кеменің жарамдылығын, кеменің экипажбен және тиісті жабдықтармен жасақталуын, сондай-ақ кемені техникалық қауіпсіз пайдалануды, оның экипажын ұстауды және жалға алу мақсаттарына сәйкес осы Заңда көзделген кеме құжаттарының болуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Кеме экипажы мүшелерінің кемені жалға берушімен еңбек қатынастары сақталады. Бұл ретте, жалға беруші кемені басқаруға және техникалық пайдалануға қатысты кеме экипажының мүшелеріне өкімдер беруге құқылы.

Егер жалға алу шартында өзгеше көзделмесе, экипаж мүшелері көрсететін қызметтерге төлем жасау жөніндегі шығыстарды, сондай-ақ оларды ұстау жөніндегі шығыстарды жалға беруші көтереді.

3. Жалға беруші жалға берілген кеменің кемшіліктері үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жауапты болады.

4. Жалға беруші кеменің меншік иесі болмаған жағдайда, мұндай кемені жалға немесе қосалқы жалға беру кеменің меншік иесінің келісімі бойынша жүргізіледі.

41-бап. Кемені экипажымен жалға алу және кемені коммерциялық пайдалануды жүзеге асыру кезіндегі жалға алушының құқықтары мен міндеттері

1. Жалға алушы коммерциялық пайдалануды жүзеге асыру шеңберінде жалға берушінің келісімінсіз өз атынан, егер де кеменің мақсаты мен сыныбына, сондай-ақ жалға алу шартында көзделген мақсаттарға қайшы келмесе, тасымалдау немесе тіркеп сүйреу шарттарын жасасуға құқылы.

2. Кемені коммерциялық пайдалану кезінде кеме экипажының мүшелері жалға алушының өкімдеріне бағынады. Жалға алушы кемені коммерциялық пайдалануға байланысты барлық шығыстарды, оның ішінде отын және пайдалану барысында жұмсалатын басқа да материалдар үшін және алымдарды төлеуге арналған шығыстарды көтереді.

3. Жалға алушы кемені коммерциялық пайдалануды жүзеге асыру шеңберінде өз өкілін тағайындауға құқылы, өкілдің кемені коммерциялық пайдалану тұрғысындағы өкімдері кеме капитаны үшін міндетті болып табылады.

42-бап. Кемені экипажсыз жалға беру кезіндегі жалға берушінің және жалға алушының құқықтары мен міндеттері

Кемені экипажсыз жалға беру кезіндегі жалға берушінің және жалға алушының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен айқындалады.

43-бап. Кемені жалға алғаны үшін есеп айырысу

1. Жалға алушы жалға берушіге жалға алу шартында көзделген тәртіп пен мерзімде жалдау ақысын төлейді.

2. Жалға алушы жалға берушінің кінәсінен кеме пайдалануға жарамсыз болған уақыт ішінде жалға алу ақысы мен кемеге қатысты шығыстарды төлеуден босатылады. Егер кеме жалға алушының кінәсінен пайдалануға жарамсыз болып қалған жағдайда, жалға алу ақысы толық көлемде төленуге тиіс.

3. Кеме опат болған жағдайда жалға алушы жалға алу ақысын - оның опат болған күнін, ал егер бұл күнді анықтау мүмкін болмаса, ол туралы соңғы хабар алынған күнді қоса алған уақыт үшін төлеуге тиіс.

4. Жалға берушіге кемені уақтылы қайтармаған кезде жалға алушы кемені пайдаланудың жалға алу шартының мерзімінен асып кеткен бүкіл мерзім үшін жалға алу шартында көзделген жалға алу ақысы ставкасына немесе, егер ол жалға алу шартында көзделген жалға алу ақысы ставкасынан асып кетсе, жалға алу ақысының нарықтық ставкасына сүйене отырып, жалға алу, ақысын төлейді.

5. Жалға алу ақысы төлем жасаудың шартта белгіленген мерзімі өткеннен кейін екі реттен көп төленбеген жағдайда жалға беруші сот тәртібімен жалға алу шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

6. Егер жалға алу шартында өзгеше көзделмеген болса, жалға алушының кемеге жасаған ажыратып алуға болатын жақсартулары оның меншігі болып табылады және жалға алушы оларды алып қоюы мүмкін.

9-тарау. Порттар

44-бап. Порттың құқықтық мәртебесі, оның аумағы мен акваториясы

1. Порттар:

1) мемлекеттің;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларының меншігінде болуы мүмкін.

Ішкі су жолдарындағы порттар ортақ пайдалану объектілері болып табылады.

2. Порт аумағын Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес портқа бөлініп берілген жер учаскелері, соның ішінде оның перспективалық дамуы үшін қажетті аймақтар құрайды.

3. Порт акваториясын ішкі су жолдары шегіндегі акватория учаскелері, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен портқа бөлініп берілген рейдтер мен портқа кіреберіс жолдар құрайды.

Порт акваториясының шекараларын белгілеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Порттардың акваториясы мен жағалау белдеуіндегі жерлер мемлекеттік меншік болып табылады.

5. Мемлекет меншігіндегі порттарды салу, қайта жаңарту үшін жеке меншіктегі жер учаскелері залалдар толық көлемінде өтеле отырып немесе соған тең басқа жер учаскесі беріліп, Қазақстан Республикасының жер заңдарында белгіленген тәртіппен алып қойылуы мүмкін.

45-бап. Порт капитаны

Ескерту. 45-бап алып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-бап. Порттарды пайдалануға қойылатын негізгі талаптар

1. Порт аймақтарының иелері кемелер үшін қауіпсіз кіреберістерді, кемелердің мұндай аймақтардағы қауіпсіз тұрағын қамтамасыз етуге міндетті, олардың қоймалары, жүк массасын анықтауға арналған, жүк тиеу-жүк түсіру құралдары, жолаушыларды, оның ішінде мүгедектігі бар адамдарды кемеге отырғызуға, түсіруге және олардың кеменің келуін күтуге арналған құрылғылары мен қондырғылары, ал қажет болған жағдайларда портқа вагондарды әкелуге арналған теміржолдың кірме жолдары болуға тиіс.

Аймақтардың, порттардың иелері жолаушыларға қызмет көрсету орындарында, оның ішінде билеттер сатылатын пункттерде ақпаратты мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де беруге міндетті.

Ақпарат мәтіні "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Жүк массасын анықтауға арналған құралдар белгіленген тәртіппен мемлекеттік метрологиялық бақылануға тиіс.

2. Порттың гидротехникалық құрылыстары, навигациялық жабдықтардың құралдары, жүкті қайта тиеу кешендері, аймақтары, қызметтік ғимараттары мен портта орналасқан және пайдаланылатын өзге де мүлік порт иесінің есебінен күтіп ұсталады.

3. Порттарда қоршаған ортаны қорғауға, шаруашылық-тұрмыстық және құрамында мұнай бар суларды, басқа да қалдықтарды қабылдауға және өңдеуге арналған құралдар, сондай-ақ порт акваториясы шегінде кемелерді құтқару және өрт сөндіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға арналған құралдар болуға тиіс.

Ескерту. 46-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2006.01.31. № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2021 № 94-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

47-бап. Кемелердің портқа кіру және порттан шығу тәртібі

1. Кемелердің портқа кіруі және олардың порттан шығуы, кемелердің порт акваториясының шегінде жүзуі және портта тұруы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Шетелдік кемелердің Қазақстан Республикасының порттарына кіруі және оларға қызмет көрсету халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 47-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

48-бап. Портта көрсетілетін қызметтер

1. Порт:

1) кемелерге жүк тиеуді (түсіруді) және қызмет көрсетуді олардың келу кезегіне қарай;

2) жүктермен көлік-экспедиторлық және қоймалық операцияларды;

3) көліктің басқа түрлерінен ішкі су көлігіне және керісінше жүктерді ауыстырып тиеуді;

4) кемелер жолаушыларына қызмет көрсетуді;

5) порт кемелері мен көліктің басқа түрлерінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асырады.

2. Порттың міндетті қызмет көрсетулеріне бағалар (тарифтер) және олардың шекті деңгейін белгілеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

3. Уәкілетті орган белгілейтін, порттың міндетті көрсетілетін қызметтер тізбесіне кірмейтін көрсетілетін қызметтер үшін төлемақы мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған шарттармен айқындалады.

Ескерту. 48-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-тарау. Жолаушыларды, багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау

49-бап. Жолаушыны және багажды тасымалдау шарты

1. Жолаушыларды және олардың багажын тасымалдау жолаушы тасымалдау шартының негізінде жүзеге асырылады.

2. Жолаушы тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жолаушыны - баратын пунктіне, ал жолаушы багаж тапсырған жағдайда багажды да баратын жеріне жеткізуге және оны жолаушыға немесе багажды алуға уәкілетті адамға беруге міндеттенеді; жолаушы - жол жүргені үшін, ал багаж өткізген жағдайда багажды алып жүргені үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

3. Жолаушыны және багажды тасымалдау шарты уәкілетті орган бекіткен нысанда тиісінше жол жүру билетімен және багаж түбіртегімен ресімделеді.

4. Жолаушыларды экскурсиялық және туристік бағыттар бойынша тасымалдау шарты жолдама немесе жолаушылар тобын тасымалдау билеті нысанында ресімделуі мүмкін.

50-бап. Жолаушылар мен багажды тасымалдау тәртібі және түрлері

1. Ішкі су көлігі ұсынатын жолаушыларды тасымалдау оның шарттарына, ұзақтығына, қашықтығына және сапасына қарай:

- 1) көліктік;
- 2) туристік;
- 3) экскурсиялық түрлерге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де түрлерге бөлінеді.

2. Жолаушыларды тасымалдау қатынас түрлеріне қарай:

1) халықаралық – Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы тасымалдау;

2) республикаішілік – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасындағы тасымалдау болып бөлінеді.

3. Әкімшілік-аумақтық белгісіне қарай жолаушылар мен багажды республикаішілік тасымалдау:

1) облысаралық – әртүрлі облыстардағы жөнелту және межелі пункттер арасында жүзеге асырылатын немесе елді мекендерді республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен жалғастыратын тасымалдау;

2) ауданаралық (облысішілік қаларалық) – бір облыс шегіндегі, әртүрлі аудандарда орналасқан елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе облыстық маңызы бар қалаларды елді мекендермен жалғастыратын тасымалдау;

3) ауданішілік – бір аудан шегіндегі елді мекендердің арасындағы тасымалдау;

4) қала маңындағы – елді мекеннің белгіленген шекарасынан бастап өлшенетін, ұзақтығы елу километрге дейінгі қала маңы аймағындағы елді мекенмен жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдау;

5) қалалық – қаланың белгіленген шекарасының шегіндегі тасымалдау болып бөлінеді.

4. Жолаушылар мен багажды тасымалдау тәртібін және түрлерін (бұдан әрі – жолаушыларды тасымалдау қағидалары) уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 50-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

51-бап. Тасымалдаушының құқықтары мен міндеттері

1. Тасымалдаушы, реттелетін тасымалдауды қоспағанда, баға жасау ережелеріне сәйкес тасымалдауға арналған бағаларды еркін белгілеуге құқылы.

2. Тасымалдаушы жолаушыға билетте немесе жолдамада көрсетілген кемедегі орынды беруге міндетті.

3. Жолаушыларға қызмет көрсету орындарында, оның ішінде билеттер сатылатын пункттерде жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру туралы ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де берілуге тиіс.

Ақпарат мәтіні "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

4. Тасымалдаушы билет сатуды, оның ішінде алдын ала сатуды ұйымдастыруға, сондай-ақ жолаушыларды тасымалдау ережелеріне сәйкес анықтама орындарының, сақтау камераларының, демалыс бөлмелерінің және басқа да орындардың қызметін көрсетуге міндетті.

5. Жолаушы, үй-жайлары бар дебаркадерлері болмаған елді мекендерде - павильондар, ал қала маңындағы желілер мен өткелдерде орындықтары бар шатырлы қалқалар болуға тиіс. Бұл ретте осындай павильондардың иелері жолаушылардың қауіпсіздігі мақсатында жолаушыларды отырғызу және түсіру орындарын қажетті құрылғылармен жабдықтауға міндетті.

6. Жолаушыларға ұлттық стандарттармен және жолаушылар тасымалдау жөніндегі нормативтермен белгіленген тасымалдау жағдайлары қамтамасыз етіледі.

7. Жолаушыларға жеңілдіктер әрі қызмет көрсетулер ұсынудың тізбесі мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

8. Тасымалдаушы кемеңің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз етуге, оны экипажбен жасақтауға және оны бүкіл тасымалдау уақыты ішінде тиісінше күтіп ұстау үшін барлық қажетті заттармен жарақтауға міндетті.

9. Вокзал маңындағы және айлақ маңындағы аумақтарды жайластыру олардың иелері есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 51-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 94-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

51-1-бап. Әлеуметтік маңызы бар тасымалдауды ұйымдастыру

Жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тасымалдауды ұйымдастыруды, олардың маршруттарын бекітуді, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастыру мен өткізуді және маршруттар бойынша қозғалыс кестелерін бекітуді:

1) ауданаралық (облысшілік қаларалық) қатынаста – облыстардың жергілікті атқарушы органдары;

2) қалалық және қала маңындағы қатынаста – өзінің заңдық құзыры шегінде аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары;

3) ауданішілік қатынаста – аудандардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Ішкі су көлігімен әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын жергілікті атқарушы органдар бюджет қаражаты есебінен субсидиялайды.

Ескерту. Заң 51-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

51-2-бап. Ішкі су көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтердің мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділігі

1. Ішкі су көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтерге мүгедектігі бар адамдардың қол жеткізуі үшін портта:

1) мүгедектігі бар адамдардың автокөлік құралдарын қоюға арналған, арнаулы жол белгілері орнатылған орындардың бөлінуі;

2) ғимараттардың, ғимараттарға кірме жолдың (ғимаратқа кіреберістің, баспалдақтардың), ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдарының, мүгедектігі бар адамдарды қоса алғанда, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін ыңғайластырылуы;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, есту және көру қабілеттері бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді ақпараттық сигналдық құрылғылармен және байланыс құралдарымен жабдықталуы;

4) тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтарына қызмет көрсету үшін кезекші кресло-арбаның болуы;

5) күту залдарында, мүгедектігі бар адамдарды қоса алғанда, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының қажеттіліктері ескеріле отырып жабдықталуға тиіс, мүгедектігі бар адамдарға арналған арнаулы орындардың бөлінуі;

6) қоғамдық дәретханалардың кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған кабиналармен жабдықталуы;

7) кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған арнаулы таксофондардың орнатылуы;

8) мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету үшін арнаулы билет кассаларының жабдықталуы қамтамасыз етілуге тиіс.

Ескерту. 10-тарау 51-2-баппен толықтырылды - ҚР 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

52-бап. Жолаушының құқықтары мен міндеттері

1. Жолаушы:

1) кемелер қозғалысының кестесінде көрсетілген немесе кеме жүзіп өтетін бағыт бойынша жарияланған кез келген портқа (пунктке) дейін бару үшін кез келген санаттағы жолаушы орнына билет алуға;

2) өзімен бірге жеке орын алу құқығынсыз - жеті жасқа дейінгі, ал халықаралық қатынастарда бес жасқа дейінгі бір баланы тегін алып жүруге; Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы жүзеге асыратын тасымалдау кезінде - жеті жастан он бес жасқа дейінгі балаларға, халықаралық қатынастарда бес жастан он екі жасқа дейінгі балаларға билеттің толық құнының елу процентін төлеп билет алуға;

3) өзімен бірге жалпы салмағы отыз алты килограмнан аспайтын, ал жүрдек кемелерде - жиырма килограмнан аспайтын қолжүгін (алып жүруге жеңіл, басқа жолаушылардың орнын тарылтпайтын ұзындығы 1,8 метрден аспайтын немесе периметрі бойынша жалпы ұзындығы 2,6 метрден аспайтын заттарды) ақысыз алып жүруге құқылы. Қолжүгін сақтау жауапкершілігі оның иесіне жүктеледі;

Мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары арасынан шыққан жолаушылардың жеке пайдалануға арналған техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды және арнайы қозғалыс құралдарын өздерімен тегін алып жүруге қосымша құқығы бар;

4) багажды тасымалдау тарифіне сәйкес багажды ақылы тасымалдау үшін өткізуге;

5) кемелерде қашықтығы бес жүз километр және одан да асатын жол жүру кезінде жүру жолында аялдауға және жол жүру құжатының (билетінің) жарамдылық мерзімін он тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартуға;

6) емдеу мекемесінің құжатымен расталған науқастану жағдайында билеттің қолданылу мерзімін ауырған уақытқа ұзартуға немесе билетті тапсырып, тасымалдау ақысын қайтарып алуға;

7) кеме шыққанға дейін кез келген уақытта, ал рейс басталғаннан кейін кеме аялдаған кез келген портта тасымалдау шартынан бас тартуға, жолаушыларды тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіппен билетті өткізіп, кеме жолының жүзіп өтілмеген бөлігі үшін тасымалдау ақысын қайтарып алуға;

8) кеменің шығуы кешіккен жағдайда тасымалдау шартынан бас тартып, тасымалдау ақысын қайтарып алуға құқылы.

2. Жолаушы:

1) жол жүру құжатын (билет) сатып алған кезде, жол жүргенде және жолда жол құжатын (билетті) тексерген кезде жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуге;

2) кемеге отырғызу кезінде және жолда жол жүру аяқталғанға дейін жол жүру құжатын (билетін) сақтауға;

3) қоғамдық тәртіпті, кемелерді және жағалауда орналасқан, жолаушы тасымалдарына қызмет көрсетуге арналған объектілерді пайдалану ережелерін сақтауға, сондай-ақ тасымалдаушының мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.

Ескерту. 52-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.12.2015 № 433-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

53-бап. Жолаушы тасымалдау шартының тасымалдаушы бастамасымен тоқтатылуы немесе өзгертілуі

1. Тасымалдаушы:

1) еңсерілмейтін күштің, соғыс іс-қимылдарының, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың немесе тасымалдаушыға байланысты емес өзге де себептердің салдарынан жолаушыны межелі портына тасымалдау мүмкін болмаған;

2) тиісті мемлекеттік органдардың шешімі негізінде кемең шығуы кешіктірілген немесе кеме мемлекеттік қажеттіліктерге тартылған;

3) кеме опат болған немесе оны күшпен басып алған;

4) жолаушы жолаушыларды тасымалдау ережелерін бұзған немесе жолаушы мұндай ережелерді сақтаудан бас тартқан жағдайда біржақты тәртіппен жолаушыларды тасымалдау шартын бұза алады.

2. Кеме шыққанға дейін тасымалдаушының бастамасымен тасымалдау шарты тоқтатылған кезде жолаушыға - жол ақысы және багажды тасымалдау ақысы, ал аталған шарт рейс аяқталғанға дейін тоқтатылған кезде кеме жүзіп өтпеген қашықтық үшін жол ақысы мен багажды тасымалдау ақысы қайтарылады.

Егер аталған шарттың тоқтатылуы жолаушының жолаушыларды тасымалдау ережелерін бұзуынан немесе оның кеме қатынасы, басқа жолаушылардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігіне қатер төндіретін іс-әрекеттерінен туындаған жағдайда жол ақысы мен багажды тасымалдау ақысы жолаушыға қайтарылмайды.

3. Жолаушы тасымалдау шарты, осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тасымалдаушының бастамасымен кеме рейсі кезінде тоқтатылған жағдайда, тасымалдаушы жолаушыны оның талабы бойынша жөнелту портына немесе жолаушының баратын портына жету мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында ең жақын елді мекенге өз есебінен жеткізуге, сондай-ақ тасымалдаушының кінәсінен жолаушыға келтірілген залалдарды өтеуге міндетті.

Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

54-бап. Талап етілмеген багаж

1. Жолаушы багажын тасымалдаушыға қатысы жоқ себептермен алмаған жағдайда тасымалдаушы оны келіп жеткен күнінен бастап үш ай бойы келген портында сақтауға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген сақтаудың шекті мерзімдері өткен соң талап етілмеген багаж сатылуы мүмкін.

3. Багаж түбіртегін көрсетуші талап-арыз қою мерзімі ішінде тасымалдаушыға талап етілмеген багажды сақтау және оны сату кезінде келтірілген шығындар шегеріле отырып, осы баптың 2-тармағына сәйкес сатудан түскен соманы алуға құқылы.

55-бап. Пошта жөнелтілімдерін тасымалдау

1. Пошта операторларына тұрақты рейстер жасайтын кемелерде белгіленген ақыға өз жұмыскерлерінің ілесіп жүруімен пошта жөнелтілімдерін тасымалдау құқығы беріледі.

Пошта операторлары жұмыскерлерінің ілесіп жүруімен пошта жөнелтілімдерін тасымалдайтын кемелерде пошта қызметін жүзеге асыру, пошта жөнелтілімдерін сақтау және пошта операторлары жұмыскерлерінің демалуы үшін белгіленген тәртіппен ақылы негізде орынжайлар ұсынылады.

2. Пошта жөнелтілімдерін ішкі су көлігімен тасымалдау тәртібін пошта саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

3. Тасымалдаушының кінәсінен пошта жөнелтілімдерінің жоғалғаны, жетіспеушілігі, зақымданғаны (бүлінгені) және (немесе) жеткізілуінің кешіктірілгені үшін тасымалдаушының пошта операторлары алдындағы жауапкершілігі пошта операторларының жөнелтуші немесе адресат алдындағы жауапкершілігі мөлшерінен аспауға тиіс.

Ескерту. 55-бап жаңа редакцияда - ҚР 09.04.2016 № 499-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-тарау. Жүктерді тасымалдау

56-бап. Жалпы ережелер

1. Ішкі су көліктерінде жүктерді тасымалдау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, осы Заңға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және жүк тасымалдау шартына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Ішкі су көлігінде жүк тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін (бұдан әрі - жүк тасымалдау қағидалары) уәкілетті орган бекітеді.

Жүк тасымалдау ережелерінде:

- 1) жүктерді тасымалдауға ұсынудың және қабылдаудың;
- 2) жүкқұжаты мен тасымалдау құжаттарын ресімдеудің;
- 3) жүктерді тиеу мен түсірудің;
- 4) жүктерді үйіп және ақтара тиеп тасымалдаудың;
- 5) тез бүлінетін жүктерді тасымалдаудың;

- 6) жүк массасын айқындаудың;
- 7) кемелер мен контейнерлерге қойылатын талаптардың;
- 8) кемелер мен контейнерлерді пломбалаудың;
- 9) жүктерді кемеді орналастыру мен бекітудің;
- 10) кемені немесе контейнерді жүкті тиеу мен түсіру үшін берудің;
- 11) тасымалдаулар бойынша есеп айырысулардың;
- 12) жүктерді жеткізу мерзімдерінің және жеткізу мерзімдерін есептеудің;
- 13) жүктерге билік етудің, оларды басқа мекен-жайға жіберудің және қайтарудың;
- 14) жүктерді сақтаудың, ұстап қалу мен берудің;
- 15) жүктерді сатудың;
- 16) қауіпті жүктерді тасымалдаудың;
- 17) жүктерді басқа мекен-жайға жіберудің;
- 18) кемені тазалаудың шарттары мен тәртібі айқындалады.

Ескерту. 56-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

56-1-бап. Жүктерді аралас тасымалдау

Бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (бірыңғай коносамент) бойынша әртүрлі көлік түрлерімен жүктерді тасымалдауға қатысатын тасымалдаушылардың, сондай-ақ басқа да тұлғалардың қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілерінде айқындалады.

Ескерту. 11-тарау 56-1-баппен толықтырылды - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

57-бап. Жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт

Тасымалдаушылар, жүк жөнелтушілер жүк тасымалдауды жүйелі түрде жүзеге асыру қажет болғанда жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарттар жасасуға құқылы.

Жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартқа сәйкес тасымалдаушы жүкті белгіленген мерзімде қабылдауға, ал жүк жөнелтуші - оны тасымалдау үшін уағдаласқан көлемде ұсынуға міндеттенеді. Шартта көлік құралдарын беру мен жүктерді тасымалдауға ұсынудың көлемі, мерзімі және басқа да шарттары, есеп айырысу тәртібі, сондай-ақ жүк тасымалдауды ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделмеген өзге де шарттары белгіленеді.

58-бап. Жүк тасымалдау шарты

1. Жүк тасымалдау шарты тасымалдау құжаттарын - көліктік жүкқұжатты, жол ведомосын (көліктік жүкқұжат негізінде ресімделген) және жүкті тасымалдауға қабылдау туралы түбіртеккі толтыру арқылы ресімделеді.

2. Тасымалдау құжаттарының нысандары мен оларды толтыру тәртібі жүк тасымалдау ережелерімен белгіленеді және ішкі су көлігінде жүк тасымалдаумен байланысты жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

59-бап. Қауіпті жүктерді тасымалдау

1. Қауіпті жүктерді тасымалдайтын кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің ішкі су жолдарындағы кеме қатынасы тәртібін уәкілетті орган және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар айқындайды.

2. Қауіпті жүктерді өндіру, тиеу, түсіру, сақтау және тасымалдау жүзеге асырылатын объектілер елді мекендерден, үйлерден, құрылыстардан, ғимараттардан, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден мемлекеттік құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес қажетті қашықтықта болуға тиіс.

3. Қауіпті жүкті жөнелтуші (жүк жөнелтуші) жүкті қозғалыс қауіпсіздігі, жүк пен кемелінің сақталуы қамтамасыз етілетіндей етіп тасымалдауға дайындауға міндетті, қауіпті жүктерді тасымалдауды орындайтын тасымалдаушы оларды тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, өзінде авариялық жағдайлар мен олардың зардаптарын жою үшін қажетті құралдары мен мобильді бөлімшелері (оның ішінде шарт бойынша) болуға міндетті.

Қауіпті жүктерді тасымалдау процесінде авариялық жағдай туындаған кезде тасымалдаушы көрсетілген бөлімшелердің оқиға болған жерге дереу жіберілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

60-бап. Жүкті жеткізу мүмкіндігі болмауының салдары

1. Тасымалдауға қабылданған жүкті еңсерілмейтін күш, соғыс іс-қимылдары, жергілікті өкілді және атқарушы органдарды қоса алғанда, мемлекеттік органдардың акт шығаруы (жария акт), дүлей сипаттағы құбылыстар, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар немесе тасымалдаушыға байланысты емес өзге де себептер салдарынан межелі портқа жеткізу немесе оны көліктік жүкқұжатта көрсетілген тұлғаға беру мүмкін болмаған кезде тасымалдаушы жүкті жеткізуге кедергі келтіретін себептерді көрсете отырып, ол туралы жүк жөнелтушіге, жүк алушыға, жөнелту порттары мен межелі порттарда тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдарға хабарлайды және жүкті не істеу керектігі туралы жүк жөнелтушінің, жүк алушының өкімін сұратады.

Егер тасымалдаушы төрт тәулік өткенше (тез бүлінетін жүктерге қатысты - екі тәулік) жүк жөнелтушінің, жүк алушының жүкті не істеу керектігі туралы өкімін алмаса немесе орындалуы көрінеу мүмкін емес өкім алса, онда тасымалдаушы ол туралы жүк жөнелтушіні, жүк алушыны хабардар ете отырып, жүкті өзінің пікірі

бойынша жүк жөнелтуші, жүк алушы үшін неғұрлым тиімді деп есептеген таяудағы порттардың біріне түсіруге, не жүкті жөнелтілген портқа қайтаруға құқылы.

2. Егер жүк ерекше жағдайларда сақтауды қажет ететін болса (тез бүлінетін жүктер) және оны сақтау мүмкін болмай, оның бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін жағдайда тасымалдаушы жүкті сатуға құқылы.

Жүкті сатудан алынған сома тасымалдаушыға тиесілі сома шегеріле отырып, депозит шарттарымен нотариустың атына енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айналымнан алынған және айналымы шектелген, сондай-ақ арнайы жүктер, оның ішінде мемлекеттік және қорғаныс қажеттерін қанағаттандыруға арналған әскери мақсаттағы жүктер сатылуға жатпайды.

4. Егер жүк оны тасымалдау үшін міндетті түрде қабылдауды тоқтату мерзімі басталғанға дейін тасымалдау үшін қабылданса және осы баптың 1-тармағында көрсетілген себептерді қоспағанда, кеме рейсті жалғастыруға ұзақ уақытқа созылған кедергінің болуына байланысты жолда кідірілсе, тасымалдаушы жүк жөнелтушімен, жүк алушымен келісе отырып, жүкті межелі портқа немесе басқа пунктке көліктің басқа түрімен жөнелту жөнінде шаралар қабылдауға немесе оны осы Заңның 61-бабында көзделген тәртіппен сатуға міндетті.

Жүріп өтпеген қашықтық үшін тасымалдау ақысы жүк тасымалдауға ақы төлеген жүк жөнелтушіге немесе жүк алушыға қайтарылады. Портта жүкті түсіру мен сақтау тасымалдаушының есебінен жүзеге асырылады.

5. Егер жүк оны тасымалдау үшін міндетті түрде қабылдауды тоқтату мерзімі басталғаннан кейін тасымалдау үшін қабылданса және кеме осы баптың 1-тармағында көрсетілген себептерді қоспағанда, рейсті жалғастыруға ұзақ уақытқа созылған кедергінің болуына байланысты жолда кідірілсе және төрт тәулік ішінде жүк жөнелтушіден, жүк алушыдан жүкті не істеу керектігі туралы өкім келіп түспесе, тасымалдаушы оны өз қалауы бойынша жүк жөнелтушінің, жүк алушының есебінен рейсті жалғастыру мүмкіндігі туындағанға дейін сақтауға қалдыруға, оның ішінде навигацияаралық кезеңге кемеде қалдыруға немесе жүкті осы Заңның 61-бабында көзделген тәртіппен сатуға құқылы.

Ескерту. 60-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

61-бап. Жүктерді сату тәртібі

1. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген жүктерді қоспағанда, осы Заңда көзделген жағдайларда жүктерді сату:

1) олардың құнын төлеу туралы құжаттармен расталған жүктердің бағасын негізге ала отырып сатып алу-сату шартына сәйкес;

2) салыстырмалы жағдайларда, әдетте, осы сияқты тауарлар үшін алынатын бағаны негізге ала отырып, тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Өткізілетін жүктерді есепке алу және олар үшін есеп айырысу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

2. Жүктерді сатудан түскен сома, тасымалдаушыға тиесілі төлемдер мен оларды сатуға жұмсалған шығындар шегеріле отырып, жүктердің құнын ол төлеген жағдайда - жүк алушыға немесе басқа жағдайларда жүк жөнелтушіге аударылуға тиіс.

Егер жүктерді сатудан түскен сома тасымалдаушыға тиесілі төлемдерді және жүктерді сақтау мен сатуға жұмсалған шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, тасымалдаушы алынбаған қалған соманы жүк жөнелтушіден өндіріп алуға құқылы.

3. Егер жүктер тез бүлінетін болса немесе көрсетілген мерзімде жүктерді сақтауға жұмсалатын шығыстар жүктердің құнынан асып кететін болса, тасымалдаушы жүктерді осы Заңда көзделген мерзімдерден бұрын сатуға құқылы.

Ескерту. 61-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

62-бап. Көлік экспедициясы шарты

1. Көлік экспедициясы шарты бойынша бір тарап (экспедитор) сыйақы үшін және екінші тараптың (клиенттің, жөнелтушінің немесе жүк алушының) есебінен жүк тасымалдауға байланысты шартта айқындалған қызмет көрсетулерді орындауға немесе орындауды ұйымдастыруға, оның ішінде клиенттің атынан немесе өз атынан жүк тасымалдау шартын жасасуға міндеттенеді.

2. Көлік экспедициясы шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жасалады.

12-тарау. Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу

63-бап. Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу шарты

1. Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу шартына сәйкес бір тарап (тіркеп сүйреуші) тіркеп сүйреу шарттарын сақтай отырып, кемені, салды немесе өзге де жүзу объектісін межелі пунктіне уақтылы әрі сол күйінде тіркеп сүйреп жеткізуге және оны көліктік жүкқұжатта көрсетілген тұлғаға тапсыруға, ал екінші тарап (жөнелтуші) тіркеп сүйретілетін объектіні тіркеп сүйреуге ұсынуға және ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Тіркеп сүйретілетін объектілерді тіркеп сүйреу (бұдан әрі - тіркеп сүйреу) тіркеп сүйреу шартына және уәкілетті орган бекітетін Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу қағидалары:

- 1) жүкқұжатты, тасымалдау және өзге де құжаттарды ресімдеудің;
- 2) тіркеп сүйреуді ұйымдастырудың;
- 3) тіркеп сүйреу жөніндегі қызмет көрсетулер үшін ақы төлеудің;
- 4) тіркеп сүйретілетін объектіні тіркеп сүйреуге ұсынудың;
- 5) кеменің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің экипаж құрамына және тіркеп сүйреуді жүзеге асыратын тұлғаларға қойылатын талаптардың;
- 6) тіркеп сүйретілетін объектіні жөнелтудің, қабылдаудың және тапсырудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Ескерту. 63-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

64-бап. Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін тіркеп сүйреу кезіндегі жауапкершілік

1. Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін ішкі су жолдарымен не порт акваториясында тіркеп сүйреу тіркеп сүйрейтін кеме капитанының басқаруымен жүзеге асырылады.

Тіркеп сүйретілетін кемеге, салға немесе басқа да жүзу объектісіне, ондағы адамдарға немесе мүлікке келтірілген нұқсан үшін, егер мұндай нұқсан өзінің кінәсінен келтірілмегенін дәлелдей алмаса, тіркеп сүйрейтін кеменің меншік иесі және (немесе) иесі жауапты болады.

2. Егер тіркеп сүйреу шарты бойынша тіркеп сүйреуді басқару міндеті тіркеп сүйретілетін кеменің капитанына жүктелген болса, мұндай тіркеп сүйреу кезінде тіркеп сүйрейтін кемеге, ондағы адамдарға немесе мүлікке келтірілген нұқсан үшін, егер нұқсан өзінің кінәсінен келтірілмегенін дәлелдей алмаса, тіркеп сүйретілетін кеменің, салдың немесе басқа да жүзу объектісінің меншік иесі мен (немесе) иесі жауапты болады.

13-тарау. Жалпы авария. Кемелерді және басқа да мүліктерді құтқару

65-бап. Жалпы авария, кемелерді және басқа да мүліктерді құтқару кезінде туындайтын қатынастарды реттеу

Ішкі су көлігіндегі жалпы авария, кемелерді және басқа да мүліктерді құтқару кезінде туындайтын қатынастарды реттеу осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

66-бап. Мүліктің контрибуциялық құны

1. Мүліктің (кеменің, жүктің және тасымалдау ақысының) жалпы апатты бөлу тәртібімен өтелетін шығындарды жабуға арналған жарналар соған мөлшерлес белгіленетін жалпы құны (контрибуциялық құны) кеме рейсі аяқталғаннан кейінгі осы

мүліктің нақты таза құны негізінде осы бапта белгіленген ережелерге сәйкес айқындалады.

2. Кеменің контрибуциялық құны кеменің зақымданған жағдайындағы құнының негізінде айқындалады.

3. Жүктің контрибуциялық құны жүкті түсіру сәтінде - жүк алушыға ұсынылатын саудалық есеп негізінде белгіленетін құнды негізге ала отырып, ал мұндай есеп болмаған кезде жүкті тиіп жіберу сәтіндегі оның құны негізінде айқындалады. Жүктің құны, егер шығынға ұшырау тәуекелін жүк жөнелтуші ғана көтеретін болса, сақтандыруға арналған шығыстарды және тасымалдау ақысын қамтиды. Жүктің құнынан жүктің опат болуынан немесе зақымдануынан бастап оны түсіргенге дейінгі не түсіру кезіндегі келтірілген барлық залалдар сомасы шегеріледі.

4. Тасымалдау ақысының контрибуциялық құны, егер шығынға ұшырау тәуекелін тасымалдаушы көтеретін болса, жоғалған тасымалдау ақысына тең болады.

5. Егер де жалпы аварияны бөлу тәртібімен өтелетін сома мүліктің (кеменің, жүктің және тасымалдау ақысының) контрибуциялық құнына енгізілмеген болса, мұндай сома осы құнға қосылады.

6. Жүк орындарын бекітудің кез келген құралдары жалпы авария бойынша енгізілген жарналарда жүкпен тең есептеледі.

67-бап. Диспаша және диспашерлер

Мүдделі тұлғалардың өтініштері бойынша жалпы аварияның болған-болмағаны анықталады және оны бөлу жөніндегі есепті (диспашаны) диспашерлер жасайды.

68-бап. Дәлелдеу ауыртпалығы

Жалпы апатты бөлуді талап етуші тарап мәлімделген залалдардың жалпы авария болып танылуы тиіс екенін дәлелдеуге міндетті.

69-бап. Кемелер керуені

1. Кемелер тобындағы әрбір кеме жеке-жеке алғанда өздігінен қозғалыс жасай алмайтындай жағдайда бір-бірімен өзара тіркемеленген кемелер тобы кемелер керуені болып табылады.

2. Егер керуеннің бір және (немесе) бірнеше кемесіне және ондағы жүктерге қатысты оларға төнген жалпы қауіптен құтқару операцияларын жүзеге асыру мақсатында іс-қимылдар жасалған жағдайда, осы тарауда белгіленген ережелер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңдарында белгіленген ережелер қолданылады.

Керуен кемесі, егер ол басқа кемеден немесе басқа кемелерден бөлініп кету нәтижесінде қауіпсіз жағдайда болса, керуендегі басқа кемемен бірге жалпы қауіп төнген кеме болып есептелмейді.

3. Кеме және жүк деп кемелер керуеніне қатысты контрибуциялық құнды айқындау кезінде жалпы қауіп төнген керуеннің барлық кемелері мен жүктердің жалпы құны ұғынылады.

70-бап. Паналау орны

1. Ішкі су жолдарындағы су тасуы, сең жүру, су деңгейінің кенеттен әрі жылдам төмендеуі салдарынан кемеңің портқа немесе өзге де паналау орнына кіруіне жұмсалған немесе кемеңің портқа немесе өзге де паналау орнына кіру қажеттігімен, оның портта немесе өзге де паналау орнында болуымен және кемеңің порттан немесе өзге де паналау орнынан шығуымен байланысты өзге де төтенше жағдайлар кезіндегі шығыстар жалпы авария деп танылады. Шығыстар жүгі бар кеме жүк тиелген портқа қайтып оралған жағдайда өтелуге тиіс.

2. Егер су тасуы немесе сең жүру жүгі бар кеме жүк түсірілетін портқа кіргеннен кейін орын алса және кеме жүкті түсіру аяқталғанға дейін басқа қауіпсіз портқа кіру мақсатында бұл порттан кетуге тиіс болса, мұндай порт паналау порты болып есептеледі.

3. Егер кеме су тасуы немесе сең жүру салдарынан рейсті жалғастыра алмаса және жүктің осы портқа арналған бөлігін түсіріп болғаннан кейін портта қалуға тиіс болса, ол мұндай кеме үшін басқа порттарға арналған жүктерге қатысты ғана паналау порты болып есептеледі.

71-бап. Машиналардың зақымдануынан, әдейі қайраңға отырғызудан, суға батып кеткен кемеңікөтеруден және кемедегі өрттен туындаған жалпы авария

1. Машиналар жұмысының өзгеруі нәтижесінде, сондай-ақ кеме қайраңнан шығуға әрекеттенген, рулдік, қозғалу, тіркеп сүйреу, басқа да құрылғылары зақымданған кезде туындаған зақымдануларды жоюға арналған шығыстар машиналардың зақымдануынан, әдейі қайраңға отырғызудан, суға батып кеткен кемеңі көтеруден және кемедегі өрттен туындаған жалпы авария деп танылады.

2. Кемеңі әдейі қайраңға отырғызудан немесе оны әдейі суға батырудан кемеге және (немесе) жүкке келтірілген зақымданулардан болған залалдар машиналардың зақымдануынан, әдейі қайраңға отырғызудан, суға батып кеткен кемеңі көтеруден және кемедегі өрттен туындаған жалпы авария деп танылады.

3. Егер жүгі бар кеме авария салдарынан суға батып кеткен жағдайда жүгі бар кемеңі көтеру шығындары мен тиісті залалдар жалпы аварияға жатқызылады.

4. Кемеге және (немесе) жүкке кемеңің судан немесе өзгеше түрде зақымдануы салдарынан келтірілген залалдар, оның ішінде жанып жатқан кемеңі жағаға шығарып тастауды немесе суға батырудан келтірілген залалдар жалпы авария деп танылады.

72-бап. Тасымалдау ақысының ысырабынан келтірілген залалдар

Жоғалған, лажсыз лақтырылған жүк үшін төленбеген тасымалдау ақысы ысырап болған тасымалдау ақысы мөлшерінде өтеледі.

73-бап. Жалпы аварияны бөлу тәртібімен өтелетін залалдарға есептелетін проценттер

Жалпы аварияны бөлу тәртібімен өтелетін шығыстар сомасы мен басқа да сомаларға (залалдарға) диспаша толтырылған күннен кейінгі үш ай ішінде жылдық жеті процент есептеледі. Бұл ретте жалпы аварияны жабуға қатысушы тараптар

есебінен немесе оны өтеу үшін депозитке салынған қаражат есебінен жүргізілген төлемдер тиісті түрде ескеріледі.

74-бап. Жүкті бір кемеден ішінара түсіру және оны басқа кемеге тиеу

Егер кеме жүкті одан әрі жағада немесе басқа кемеді сақтай отырып, оны ішінара түсіруді жүзеге асыруға мәжбүр болған жағдайда жалпы аварияға:

1) жүкті кемеден түсіруге, оны сақтауға және жүкті кемеге қайта тиеуге жұмсалған шығындар;

2) жүкті ішінара тиеу жүзеге асырылатын кемеңі жалға алуға жұмсалған шығыстар;

3) жүкті ішінара тиеу жүзеге асырылған кемеге келтірілген зақымдануларды жөндеуге жұмсалған ысыраптар мен шығыстар, сондай-ақ мұндай кемеңің пайдаланудан шығып қалуымен байланысты ысыраптар;

4) аварияға ұшыраған кемеден жүкті түсіру немесе оны басқа кемеге тиеу кезінде онда пайда болған зақымданулардан туындаған шығыстар;

5) жүкті түсіру, сақтау және тиеу кезінде оның жоғалуына, жетіспеуіне немесе зақымдануына (бүлінуіне) байланысты залалдар мен шығыстар;

б) қосымша сақтандыру үшін сақтандырушыларға төленген сақтандыру сыйақылар жатқызылады.

75-бап. Жанама залалдарды қоспау

1. Жалпы аварияға тек қана жалпы аварияның тікелей салдары болып табылатын залалдар қосылады.

2. Кемеңің рейс кезінде кешігуінен, оның бос тұрып қалуынан, бағаның өзгеруінен туындаған залалдар және басқа да жанама залалдар жалпы авария деп танылмайды.

14-тарау. Суға батқан мүлік

76-бап. Суға батқан мүлік

1. Суға батқан мүлікке ішкі су жолдары шегінде қалқып жүруіне немесе су астына, су түбіне кетуіне не саяз суларға немесе жағаға шығып қалғанына қарамастан, апатқа ұшыраған кемелер, олардың сынықтары, жабдықтар, жүктер мен басқа да заттар жатады.

2. Осы тараудың ережелері:

1) суға батқан әскери мүлікті көтеруге, аластауға және жоюға;

2) егер суға батқан археологиялық немесе тарихи мәні бар мүлік ішкі су жолдары шегіндегі су түбінде жатса, мұндай мүлікті көтеруге қатысты қолданылмайды.

77-бап. Меншік иесінің суға батқан мүлікті көтеру міндеті

1. Суға батқан мүлік кеме қатынасы қауіпсіздігіне немесе қоршаған ортаға ластанумен байланысты залал келтіру қатерін төндіретін, не биологиялық су ресурстары кәсіпшілігін, ішкі су көлігіндегі қызметті жүзеге асыруға және ішкі су жолдары шегінде жүргізілетін жол жұмыстарына кедергі келтіретін жағдайларда суға батып кеткен мүліктің меншік иесі уәкілетті органның талабы бойынша ол белгілеген

мерзімде суға батып кеткен мүлікті көтеруге және қажет болғанда оны аластауға немесе жоюға міндетті.

2. Егер суға батқан мүліктің меншік иесі белгілі болса, уәкілетті орган оған суға батып кеткен мүлікті көтерудің, аластаудың немесе жоюдың тәртібі мен мерзімі туралы хабардар етеді.

Егер суға батқан мүліктің меншік иесі, белгісіз болса, уәкілетті орган бұқаралық ақпарат құралдарында суға батқан мүлікті көтеру үшін белгіленген мерзімдер туралы мәліметтер жариялауға міндетті.

3. Егер суға батқан мүліктің меншік иесі суға батқан мүлік туралы мәліметтер жарияланғаннан кейін мәлімдеме жасамаса, мұндай мүлікті құрайтын заттар Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес иесіз деп танылады.

78-бап. Суға батқан мүлікті оның меншік иесінің көтеруі

1. Суға батқан мүліктің меншік иесі мұндай мүлікті көтеру туралы өзінің ниетін уәкілетті органға мүлік суға батқан күннен бастап бір жыл ішінде хабарлауға міндетті.

2. Уәкілетті орган суға батқан мүліктің меншік иесінің мәлімдемесін алған күннен бастап үш ай ішінде суға батқан мүлікті көтерудің тәртібін, сондай-ақ көтеру мерзімін белгілейді, ол меншік иесі суға батқан мүлікті көтерудің тәртібі мен мерзімі туралы уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап кемінде бір жыл болуға тиіс.

79-бап. Уәкілетті орган кәсіпорындарының суға батқан мүлікті көтеруі, аластауы немесе жоюы

1. Уәкілетті органның кәсіпорындары, егер:

1) суға батқан мүліктің меншік иесі суға батқан мүлікті уәкілетті орган белгілеген мерзімде көтермесе және аластамаса (жоймаса);

2) суға батқан мүліктің меншік иесі анықталмаса, адамдардың опат болуына әкеп соғуы, олардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне зиян келтіруі, едәуір материалдық шығындарға ұшыратуы және халықтың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін аварияларды, зілзаланы немесе апатты болдырмау мақсатында;

3) суға батқан мүліктің меншік иесі мүлікті көтеру, аластау, жою үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген техникалық қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін құралдарды қолданатын болса;

4) суға батқан мүліктің меншік иесі мүлік суға батқан күннен бастап бір жыл ішінде анықталмаса суға батқан мүлікті көтеруге, ал қажет болғанда аластауға немесе жоюға құқылы.

2. Егер суға батқан мүліктің меншік иесі белгілі болса, онда осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда мұндай мүлікті көтеру, аластау немесе жою соның есебінен жүзеге асырылады.

3. Егер суға батқан мүлік көтерілген сәттен бастап бір жылдан аспаған болса, оның меншік иесі суға батқан мүлікті көтеруге кеткен шығыстарды және осыған байланысты

басқа да келтірілген шығыстарды өтегеннен кейін осы баптың 1-тармағына сәйкес көтерілген суға батқан мүлікті талап етуі мүмкін.

80-бап. Уәкілетті орган кәсіпорнының өзіне келтірілген шығыстарды толық өтеттіру құқығы

Осы Заңның 79-бабының 3-тармағында көзделген мерзім өткен соң сот суға батқан мүлікті иесіз деп таныған жағдайда уәкілетті органның кәсіпорны:

1) көтерілген суға батқан мүлікті немесе оның бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сатып, оны сатудан түскен сома есебінен оны көтеруге кеткен шығыстардың және оған байланысты келтірілген басқа да шығыстардың өтемін алуға;

2) суға батқан мүліктің меншік иесінен оны сатудан түскен сомамен жабылмаған шығыстарды, ал суға батқан мүлік жойылған кезде мұндай мүлікті жоюға байланысты келтірілген шығыстарды өтеттіріп алуға құқылы.

81-бап. Кездейсоқ көтерілген суға батқан мүлік

Кеме қатынасына байланысты операцияларды жүзеге асыру кезінде ішкі су жолдары шегінде кездейсоқ көтерілген суға батқан мүлік мұндай мүлікке қатысты Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген шараларды қабылдауға міндетті уәкілетті органға тапсырылуға тиіс.

15-тарау. Тасымалдаулардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауаптылық

82-бап. Тасымалдау жөніндегі міндеттемелердібұзғаны үшін жауаптылық

1. Тасымалдаудан туындайтын міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында, тасымалдау ережелерінде, сондай-ақ солардың негізінде жасалатын шарттарда белгіленген негіздер мен көлемдерде жауапты болады.

2. Тараптардың осы Заңда белгіленген жауаптылықты шектеу немесе жою мақсатындағы келісімдері жарамсыз болады.

Тараптар келісім бойынша осы Заңда белгіленген жауаптылықтың көлемін ұлғайтуға, сондай-ақ тасымалдау шарты бойынша қосымша жауаптылық көздеуге құқылы.

3. Тасымалдау, оның ішінде аралас тасымалдар және халықаралық қатынастарда тасымалдау жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тасымалдаушылардың өзара жауаптылығы осы Заңда, Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілерінде, халықаралық шарттарда және жүк тасымалдаушылар арасындағы келісімдерде айқындалады.

4. Тасымалдауды бірнеше тасымалдаушы жүзеге асырған жағдайда олар жүк жөнелтушінің, жүк алушының алдында жүктің, багаждың жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін ортақ жауапты болады, ал жүкті, багажды

жеткізу мерзімін өткізіп алғаны үшін, егер мерзімін өткізіп алу тасымалдаушылардың кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, соңғы тасымалдаушы жауапты болады.

5. Егер тасымалдаушыға өзге тасымалдаушының, жүк жөнелтушінің, жүк алушының, экспедитордың кінәсінен болған жауапкершілік жүктелсе, тасымалдаушы оларға кері талап қоюға құқылы.

Ескерту. 82-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

83-бап. Тұрақсыздық айыбы

1. Тасымалдау жөніндегі міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда немесе шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбы төленеді.

2. Тасымалдаушыға тиесілі төлемдер жасаудың мерзімін өткізіп алғаны үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес бөгде біреудің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік көлемінде тұрақсыздық айыбы алынады.

84-бап. Жолаушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

1. Егер жолаушыларды тасымалдау шартында тасымалдаушының жоғары жауапкершілігі көзделмеген болса, тасымалдаушы тасымалдау кезінде жолаушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Тасымалдаушының жауапкершілігі жолаушы кемеді және кемеге отырғызу (түсіру) кезінде порт аумағында болған кезеңде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілгені үшін туындайды.

85-бап. Жолаушыны және багажды жеткізу мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Жолаушылар кемесінің (қалалық және қала маңы қатынастарындағы, сондай-ақ өткелдердегі тасымалдауларды қоспағанда) жөнелтілуін кідірткені немесе оның баратын портына кешігіп келгені үшін, егер тасымалдаушы мұндай кідіру немесе кешігіп келу еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, тасымалдаушы жолаушыға кідірілген немесе кешігіп келген әрбір сағат үшін тасымалдау ақысының үш проценті мөлшерінде айыппұл төлейді.

Өндіріп алынған айыппұл сомасы тасымалдау ақысының мөлшерінен аспауға тиіс.

Көрсетілген айыппұлдарды төлеу жолаушылар тасымалдау ережелеріне сәйкес жолаушының өтініші бойынша жүргізіледі.

2. Тасымалдаушы багажды жеткізудің мерзімін өткізіп алған әрбір тәулік үшін жолаушыға немесе багажды алуға уәкілеттік берілген адамға, егер мерзімді өткізіп алу оның кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, тасымалдау ақысының бес проценті мөлшерінде, бірақ тасымалдау ақысы мөлшерінен аспайтын айыппұл төлейді.

86-бап. Жолаушылардың билетсіз жол жүруі және оларды билетсіз тасымалдағаны, қол жүгімен багажды ақысыз тасымалдағаны үшін жауаптылық

Жолаушылардың билетсіз жол жүруі және оларды билетсіз тасымалдағаны, сондай-ақ қол жүгі мен багажды ақысыз тасымалдағаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жатады.

87-бап. Жүктің, багаждың жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

1. Тасымалдаушы жүкті, багажды тасымалдауға қабылдаған кезден бастап, жүк алушыға, жолаушыға немесе багажды алуға уәкілетті тұлғаға бергенге дейін олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Тасымалдаушы жүктің, багаждың жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін, егер жоғалу, кем шығу немесе зақымдану (бүліну) оның кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Тасымалдауға құндылығы жарияланбай қабылданған жүктің, багаждың жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушы мынадай мөлшерлерде және жағдайларда:

1) жүк, багаж жоғалғанда немесе кем шыққанда - жоғалған не кем шыққан жүк, багаж құнының мөлшерінде;

2) жүк, багаж зақымданғанда (бүлінгенде) - жүк, багаж құнының төмендеген сомасы мөлшерінде, ал зақымданған жүкті, багажды қалпына келтіру мүмкін болмағанда оның құны мөлшерінде жауапты болады.

3. Тасымалдауға құндылығы жарияланып қабылданған жүктің, багаждың жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушы жарияланған құндылық мөлшерінде жауапты болады.

4. Егер жүк, багаж баратын портқа жеткізу мерзімі аяқталған соң отыз тәулік өткеннен кейін келмеген болса, жоғалған деп есептеліп, мұндай жүктің, багаждың құны осы баптың 2-тармағында көзделген мөлшерде өтелуге тиіс.

Жүк, багаж көрсетілген мерзімдер өткен соң келген жағдайда жүк алушы немесе багажды алуға уәкілеттік берілген адам тасымалдаушыға бұған дейін жүкті немесе багажды жоғалтқаны үшін алынған соманы қайтара отырып, оны алуға құқылы.

5. Жүктің немесе багаждың құны - оның сатушының есебінде көрсетілген немесе шартта көзделген бағасы негізге алына отырып, ал есеп болмаған немесе шартта баға көрсетілмеген жағдайда осымен салыстыруға болатын мән-жайларда, әдетте, осы сияқты тауарлар үшін алынатын баға негізге алына отырып айқындалады.

6. Тасымалдаушы жүктің, багаждың жоғалуынан, кем шығуынан, зақымдануынан (бүлінуінен) туындаған белгіленген нұқсанды өтеумен қатар, егер тасымалдау ақысы жүктің немесе багаждың құнына кірмеген болса, жүк алушыға, жолаушыға немесе жүкті, багажды алуға уәкілетті тұлғаға мұндай жүкті немесе багажды тасымалдағаны үшін алынған тасымалдау ақысын қайтарады.

7. Тасымалдаушы багаждың бүлінуі тасымалдаушының кінәсінен болған жағдайдан басқа кезде жолаушы өзімен бірге қолжүгі ретінде алып жүретін багаждың сақталуына жауапты болмайды.

88-бап. Жүк тасымалдау немесе тіркеп сүйретілетін объектілердің кемелерін тіркеп сүйрету жоспары бойынша тапсырысты орындамағаны үшін жауапкершілік

Тасымалдаушы, тіркеп сүйретуші қабылданған өтінімге немесе шартқа сәйкес жүк тасымалдауға немесе тіркеп сүйретілетін объектіні тіркеп сүйретуге көлік құралдарын бермегені үшін, жүк жөнелтуші немесе тіркеп сүйретілетін объектіні жөнелтуші жүкті немесе тіркеп сүйретілетін объектіні ұсынбағаны үшін, сондай-ақ берілген көлік құралдарын өзге де себептерге байланысты пайдаланбағаны үшін мынадай мөлшерлерде:

1) кемеде жүк тасымалдау және жүзу объектісін тіркеп сүйрету кезінде - жүктің немесе тіркеп сүйретілетін объектінің әрбір тоннасы үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 0,3 айлық есептік көрсеткіш шамасының мөлшерінде;

2) жүкті контейнерлерде тасымалдау кезінде:

қоса есептелгенде брутто салмағы 5 тоннаға дейінгі әрбір контейнер үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 1,5 айлық есептік көрсеткіш шамасы мөлшерінде;

қоса есептелгенде брутто салмағы 5 тоннадан 10 тоннаға дейінгі әрбір контейнер үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 3,5 айлық есептік көрсеткіш шамасы мөлшерінде;

брутто салмағы 10 тоннадан асатын әрбір контейнер үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 7 айлық есептік көрсеткіш шамасы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.

89-бап. Жүк жөнелтушінің, жүк алушының жауапкершілігі

1. Көліктік жүкқұжатта жүктің атауын, ерекше белгілерін және жүкті тасымалдау кезінде қажет болатын сақтық шараларын дұрыс көрсетпегені үшін, тасымалдауға тыйым салынған жүкті ұсынғаны немесе жүктің қасиеттерін дұрыс көрсетпегені үшін жүк жөнелтушіден осы мән-жайларға байланысты тасымалдаушыға келтірілген залалдардың өтелуіне қарамастан мұндай жүкті тасымалдаудың бүкіл қашықтығына тасымалданғаны үшін төлемақының бес еселенген мөлшерінде айыппұл өндіріп алынады.

2. Жүк жөнелтушінің, жүк алушының кінәсінен кемелердің нормадан артық бос тұрып қалғаны және контейнерлерді қайтарудың кідірілгені үшін тараптардың келісімімен белгіленген мөлшерде олардан айыппұл өндіріп алынады.

3. Жүктерді, түсіргеннен кейін кемелерді немесе контейнерлерді тазаламағаны үшін жүк алушы тасымалдаушыға тазалау жұмыстарының құнын екі еселенген мөлшерде төлеуге міндетті. Тасымалдаушы кеменің немесе контейнердің нормадан артық бос

тұрып қалғаны үшін айыппұл өндіріп ала отырып, жүк алушы оларды тазалау жұмыстарын орындағанға дейін тазаланбаған кемені немесе контейнерді тазалаудан бас тартуға құқылы.

4. Кеменің, контейнердің немесе пакеттеу құралдарының зақымданғаны үшін кінәлі тараптан қажетті жөндеудің құны өндіріп алынады.

90-бап. Тіркеп сүйретілетін объектінің жоғалғаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін тіркеп сүйретушінің жауапкершілігі

1. Тіркеп сүйретуші тіркеп сүйретілетін объектінің жоғалғаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін, егер жоғалу немесе зақымдану (бүліну) оның кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, оны қабылдап алған кезден бастап оны алушыға берген кезге дейін жауапты болады.

2. Тіркеп сүйретілетін объект жоғалған жағдайда тіркеп сүйретушіден жоғалған тіркеп сүйретілетін объектінің құны мөлшеріндегі нұқсан және егер тіркеп сүйрету ақысы жоғалған тіркеп сүйретілетін объектінің құнына кірмеген болса, осындай ақы өндіріп алынады.

3. Тіркеп сүйретілетін объект зақымданған (бүлінген) кезде тіркеп сүйретушіден тіркеп сүйретілетін объектіні жөнелтуші немесе алушы айқындайтын, тіркеп сүйретілетін объектіні жөндеу құны өндіріп алынады. Келіспеушіліктер туындаған кезде тіркеп сүйретілетін объектіні жөндеу құнын тараптар айқындаған тәуелсіз сарапшы бағалауы мүмкін.

4. Алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Тіркеп сүйретілетін объект, егер шартта көрсетілген тіркеп сүйрету мерзімі аяқталған соң он күн өткеннен кейін баратын портына (пунктіне) келмеген болса, жоғалған деп есептеледі.

Ескерту. 90-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

91-бап. Жүкті немесе тіркеп сүйретілетін объектіні жеткізу мерзімдерін бұзғаны үшін жауаптылық

Жүкті немесе тіркеп сүйретілетін объектіні жеткізу мерзімін өткізіп алудың әрбір тәулігі үшін тасымалдаушы немесе тіркеп сүйретуші, егер мерзімді өткізіп алу өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жүк алушыға немесе тіркеп сүйретілетін объектіні алушыға тасымалдау ақысының тоғыз проценті мөлшерінде, бірақ тасымалдау ақысының елу процентінен аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

92-бап. Тікелей аралас қатынаста жүк тасымалдауды жүзеге асыру кезіндегі жауаптылық

Ескерту. 92-бап алып тасталды - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

93-бап. Жауапкершіліктен босату

1. Тараптар тасымалдау, тіркеп сүйрету шарттарынан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша жауапкершіліктен босатылуы мүмкін.

2. Тараптар, егер міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау:

1) еңсерілмейтін күштің, сондай-ақ әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың;

2) соғыс іс-қимылдарының, төтенше жағдай енгізудің;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жариялау арқылы жүктердің орнын ауыстыруды, кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтату немесе шектеу салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

3. Тасымалдаушы, тіркеп сүйретуші сондай-ақ:

1) міндеттемелер жолаушының, жүк жөнелтушінің, жүк алушының, жөнелтушінің, алушының, экспедитордың кінәсінен орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған;

2) көлік ыдысының немесе олардың қасиеттерінің жасырын кемшіліктері салдарынан жүк, багаж сақталмаған;

3) жүк салмағында табиғи кему нормалары, ылғалдылығының төмендеу нормалары мен таразы аспаптарының көрсетулерінде алшақтық нормалары шегінде айырмашылықтар болған, сондай-ақ жүк жөнелтуші тасымалдаушының қатысуынсыз айқындаған салмақ бойынша тасымалдауға қабылданған жүк салмағында айырмашылықтар болған;

4) жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының жол серігінің ілесіп жүруімен жүкті тасымалдаған кезде жауапкершіліктен босатылады.

4. Егер жүк немесе тіркеп сүйретілетін объект тасымалдауға немесе тіркеп сүйретуге белгілі бір мән-жайлар салдарынан ұсынылмаған болса, жүк жөнелтуші, жөнелтуші жауапкершіліктен босатылады.

Ескерту. 93-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-тарау. Ішкі су көлігіндегі қызметті жүзеге асыру кезінде келтірілген зиянды өтеу

94-бап. Ішкі су жолдары мен порттарда кеме қатынасы мен өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде келтірілген зиян үшін жауаптылық

Жеке және заңды тұлғалардың навигациялық жабдықтардың құралдарын, кеме қатынасы гидротехникалық құрылысжайларын (шлюздерді), кеме жолдары мен басқа да объектілерді зақымдауы немесе жоюы салдарынан келтірілген зиян Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес өтелуге тиіс.

Ескерту. 94-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

95-бап. Кемелер соқтығысуының салдарынан келтірілген зиян үшін жауаптылық

1. Кемелер соқтығысқан кезде келтірілген зиян Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен өтеледі.

2. Егер кемелердің соқтығысуы екі немесе одан көп тараптардың кінәсінен болса, келтірілген зиян үшін жауаптылық олардың әрқайсысының кінәлілік деңгейіне мөлшерлес айқындалады.

Егер соқтығысудың мән-жайларын негізге ала отырып, әрбір тараптың кінәлілік деңгейін айқындау мүмкін болмаса, жауаптылық олардың арасында тең бөлінеді.

3. Азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес ортақ жауаптылықта болады.

96-бап. Кемелер соқтығысуының салдарынан келтірілген зиян үшін жауапкершіліктен босатудың негіздері

1. Кемелердің соқтығысуы кезінде келтірілген зиянға тараптар кінәлі болмаған, еңсерілмейтін күш салдарынан соқтығысқан немесе соқтығысу себептерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда тараптардың ешқайсысы зиянды өтеуді талап етуге құқылы емес.

Бұл жағдайда әрбір тарап өзіне келтірілген залалдар тәуекелін көтереді.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген ережелер, егер кемелер немесе олардың бірі соқтығысу сәтінде зәкірде тұрса не өзгеше тәсілмен бекітілген жағдайда қолданылады.

17-тарау. Актілер, кінә қою, талап қою және талап қою мерзімі

97-бап. Актілер

1. Тасымалдаушылардың, тіркеп сүйретушілердің, жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың тіркеп сүйретілетін объектілерді жөнелтушілер мен оларды алушылардың, сондай-ақ жолаушылардың мүлктік жауапкершілігі үшін негіз болуы мүмкін мән-жайлар тиісті тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде өтініштер арқылы коммерциялық актілермен немесе жалпы нысандағы актілермен куәландырылады.

Коммерциялық акті мен жалпы нысандағы актінің нысандары, сондай-ақ оларды толтыру ережелері жүк тасымалдау ережелерімен және жолаушылар мен багаж тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

2. Тасымалдаушы жүкті, багажды немесе тіркеп сүйретілетін объектіні беру кезінде мынадай мән-жайларды:

1) жүктің, багаждың немесе тіркеп сүйретілетін объектінің нақты атауының, жүктің немесе багаж салмағының, жүк орындары немесе багаж орындары санының тасымалдау құжатында көрсетілген деректерге сәйкес болмауын;

2) жүктің, багаждың немесе тіркеп сүйретілетін объектінің жоғалуын, кем шығуын және зақымдануын (бүлінуін);

3) тасымалдау құжаттары жоқ жүктің, багаждың немесе тіркеп сүйретілетін объектінің, сондай-ақ жүксіз, багажсыз немесе тіркеп сүйретілетін объектісіз тасымалдау құжаттарының анықталғанын;

4) алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) ұрланған жүктің, багаждың немесе тіркеп сүйретілетін объектінің тасымалдаушыға қайтарылғанын куәландыру үшін коммерциялық акт толтыруға міндетті.

Тасымалдаушы тасымалдау құжаттарында коммерциялық актіні толтырғаны туралы белгі қоюға міндетті.

Коммерциялық актіні толтырудан бас тартуға немесе оны белгіленген талаптарды бұза отырып ресімдеуге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

3. Сұйық күйінде тасымалданатын жүктердің кем шығуы немесе бүлінуі жүк тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіпте тасымалдау құжаттарымен куәландырылады.

4. Коммерциялық акт:

1) табиғи кему нормалары, жүк тасымалдау кезінде ылғалдылық немесе қоқыстану процентінің төмендеу нормалары, таразылау құралдары көрсетулеріндегі алшақтық нормалары шегінде жүк салмағының кем шығуы, навигация қорытындылары бойынша есеп жасау шарттары негізге алына отырып, тасымалдауға қабылданған жүк салмағындағы айырмашылықтар болған;

2) техникалық ақаусыз кемеде немесе зақымданбаған жабу-пломбалау құрылғылары бар контейнерлерде немесе жүк жөнелтуші немесе жүк алушы өкілінің ілесіп жүруімен жеткізілген жүкті беру жағдайларында жасалмайды.

5. Жалпы нысандағы актілер осы баптың 2-тармағында көзделмеген мән-жайлар куәландырылған жағдайда жасалады.

6. Акт жасауға қатысушы тараптар оған қол қоюдан бас тартуға құқылы. Акт мазмұнымен келіспеген жағдайда тараптар оған өз пікірлерін жазуға құқылы.

7. Дәйексіз ақпарат жазылған актіні толтырған немесе оған қол қойған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Ескерту. 97-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

98-бап. Кінә қою және талап қою құқығы

1. Тасымалдаушыға немесе тіркеп сүйретушіге:

1) жүк немесе тіркеп сүйретілетін объект жоғалған жағдайда - тасымалдаушының немесе тіркеп сүйретушінің жүктің немесе тіркеп сүйретілетін объектінің келмегені

туралы белгісі бар жүк тасымалдауға немесе тіркеп сүйретілетін объектіні тіркеп сүйретуге қабылдағаны туралы түбіртегін ұсына отырып, жүк жөнелтушінің, жүк алушының немесе тіркеп сүйретілетін объектіні жөнелтушінің немесе тіркеп сүйретілетін объектіні алушының;

2) жүк кем шыққан немесе зақымданған (бүлінген) не тіркеп сүйретілген объект зақымданған жағдайда - көліктік жүкқұжатты, жүктерді сұйық күйінде тасымалдағанда - коммерциялық актіні немесе тасымалдау құжатын, ал коммерциялық акт болмағанда коммерциялық актіні жасаудан бас тартуға шағым берілгені туралы құжатты ұсына отырып, жүкті алушының немесе тіркеп сүйретілген объектіні алушының;

3) тасымалдау ақысын және өзге де төлемдерді белгіленген мөлшерден артық төлеген жағдайда - көліктік жүкқұжатты ұсына отырып, жүк жөнелтушінің, жүк алушының немесе тіркеп сүйретілетін объектіні жөнелтушінің, алушының;

4) багаж жоғалған жағдайда - багаж түбіртегін ұсына отырып жолаушының;

5) багаж кем шыққан немесе зақымданған (бүлінген) жағдайда - тасымалдаушы берген багаждың кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) туралы коммерциялық актіні ұсынушының;

6) жолаушы кемесінің шығуы кідірілген немесе ол кешігіп келген жағдайда - билетін көрсете отырып жолаушының;

7) жүктің немесе тіркеп сүйретілетін объектінің жеткізілу мерзімдері сақталмаған жағдайда - көліктік жүкқұжатты ұсына отырып, жүк алушының немесе тіркеп сүйретілетін объектіні алушының кінә қоюға және талап қоюға құқығы бар.

2. Осы бапта белгіленген кінә қою мен талап қою құқығы тапсыру шарты немесе сенімхат тиісті түрде ресімделген кезде жүк жөнелтушіге, жүк алушыға және өзге де жеке және заңды тұлғаларға берілуі мүмкін.

99-бап. Кінә қоюдың шарттары мен тәртібі

1. Тасымалдау (тіркеп сүйрету) шартынан туындайтын кінә қоюлар жүк тасымалдаушыға талап қою мерзімі ішінде білдірілуі мүмкін.

2. Жолаушыларды, багажды, жүктерді тасымалдауға немесе тіркеп сүйретілетін объектілерді тіркеп сүйретуге байланысты туындайтын кінә қоюлар тасымалдаушыларға немесе тіркеп сүйретушілерге олардың орналасқан жерлері бойынша білдіріледі.

3. Жүктің жоғалғаны, кем шыққаны және зақымданғаны (бүлінгені) туралы кінә қоюларға тасымалдау құжаттарынан басқа, кінә қою құқығын растайтын құжаттар және жөнелтілген жүктің саны мен құнын куәландыратын құжаттар қоса берілуге тиіс. Тасымалдау құжаттары түпнұсқа түрінде ұсынылады.

100-бап. Кінә қоюларды қарау мерзімі

1. Кінә қою ол алынған күннен бастап екі апта мерзімде қаралуға тиіс.

2. Алып тасталды - ҚР 27.10.2015 № 363-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 100-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

101-бап. Талап қою мерзімдері

1. Тасымалдаушыға (тіркеп сүйретушіге) ішкі су жолдары арқылы тасымалдау шартынан туындайтын талап қоюлар тасымалдаушы кінә қоюды қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартқан жағдайда не кінә қоюға тасымалдаушыдан мерзімінде жауап алынбаған жағдайда ұсынылуы мүмкін.

2. Талап қою мерзімінің өтуі кінә қоюға негіз болған оқиғалар туындаған күннен басталады.

3. Талап қою мерзімі:

1) жүктерді тасымалдау (тіркеп сүйрету) шарты бойынша - бір жыл;

2) жолаушылар мен багаж тасымалдау шарты бойынша - алты ай болып белгіленеді.

4. Кемелердің соқтығысуына және құтқару операцияларын жүзеге асыруға байланысты туындаған қажеттіліктер бойынша талап қоюлар екі жыл ішінде ұсынылуы мүмкін.

18-тарау. Қорытынды ережелер

102-бап. Дауларды қарау

Ішкі су көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

103-бап. Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасын бұзушылық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 103-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

*Қазақстан Республикасының
Президенті*